

*Бұл жыр кітабым кеншілердің құтты қонысы, ғұлама ғалым Қаныш ағамыздың көзіндей киелі мекен–Сәтбаев қаласының 40 жылдығына арналады.*

*Автор.*

**Мұса (Мусен) ТІЛЕУОВ**

# *Арқаның ару көктемі*

*Жыр жинағы*

**2013**

УДК  
ББК  
Т

Т Тілеуов М. Арқаның ару көктемi.  
Жыр жинағы/Мұса Тілеуов,-  
2013.- бет

### ***Автордан:***

*Осы кітаптың жарық көруіне айрықша қамқорлық көрсеткен бас демеушісі- «Нұр Отан» ХДП «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС жанындағы Қарағанды филиалына және демеушілік жасаған «Кәсіп Қазақмыс» кәсіподағына шынайы сезімді білдіріп, алғыс айтамын.*

### **ISBN**

Мұса Тілеуовтің «Арқаның ару көктемi» атты жаңа жыр жинағы туған жер, замана, уақыт, адам, ізгілік пен ұлылық, достық пен парасат жайлы сыр шертеді. Ұзақ жыл кен өндірісінде еңбек еткен ақын жер астының жауһар тастарындай әсем жырларымен кеншілер өмірін де кестелей білген. Өлеңдері поэзияға тән жанды сурет, терең толғаныс пен нәзік лиризмге бай.

УДК  
ББК  
Т

### **ISBN**

© Мұса Тілеуов 2013  
© баспасы, 2013

## ҚАНАТЫНА ҰЛАРДЫҢ ХАТ БАЙЛАҒАН

«Ұлытауда ұлар құс болды ма екен?» – деген сауалды бүгінде жас та, кәрі де орайына қарай біріне-бірі қойып жатады. Ал, ұлар десек, Ұлытау көз алдына кесектеніп келе қалады. Әсіресе ақын көңілі бұл екеуін қашанда бірге, қашанда қатар көруге құмар. Солардың бірі ақын Мұса десек қателеспейміз. Ол өзінің алғашқы жырларының бірін «Ұлар-ұлар ұлар құс, Ұлытаудың еркесі», – деп әдемі бір әуезге лайықтағандай бастап еді. Кейін осы бір жүрекке жылы жұп-жұмыр шумақ жергілікті сазгердің шабытына шоқ түсіріп, бүгінде бүкіл елге тарап кетті. «Ұлар құс» әуеніне өзек болды. Бұл Мұса шығармашылығындағы тамаша бір көңіл-күйдің төкпелі кезеңін көз алдына келтіреді. «Ұлар құстың» Ұлытауды аңсауын, Ұлытаудың да ұларын аңсауын аңғартады. Сұлулыққа деген сүйсінушілік, табиғатқа деген жанашырлық ақын мен сазгердің бірлескен әуеніне өмірлік өзек болғандай.

Ақын Мұсаның «Ұлар құсты» аңсауы тегін емес, сонау Ұлытаудың зеңгір көгіне бала кезден көз тігіп, көкірегіне сұлулықтың сән-салтанатын қондырып алса, Арғанатының әдемі айшықтары жөргегінен жүрегіне жыр болып құйылғанынан болар.

Арналы да адуынды Терісаққаннан толқынды шабыт алып, жыр ауылына бағыт ұстауы қандағы қасиет, топырақтан тұнған киеден болар. Демек, оның өнер ауылына ат басын бұрмауға титтей де қақы жоқ сияқты. Ауыл ішіндегі ақсақалдардың келелі әңгімелерін жасынан құлағына құйып өскен балаң жігіт, өсе келе сөзге сараң болғанымен ойға тереңдігін байқатты. Мектеп бітірген бетте ауылшаруашылығында еңбек етті, алдына бір отар қой алып шопан таяғын ұстады. Дала сырына қанықты. Аптап ыстық пен ақ түтек боранда шынықты. Бір күнге бір күн ұқсамас тіршіліктен сыр ұқты. Осының бәрі оның ақын жүрегіне жыр болып құйылып, қағаз бетіне төгіліп, баспаға шығып, басқаға тарап жатты. Мұсаның бойында әдемі бір сыпайылық бар. Ол осы даладан алған кеңдік пен даланың дархандығынан болар. Ен даламен сырласып, толқынды өзенмен туласып, биік таулардағы шынды асып, зеңгір көкпен тілдескен азаматтың үні ашық жүрекке жайлы да жылы тиетіні содан болар. Өнердің қай саласына болса да, оның құштар көңілі ұмтылып сала берген. Ол мектеп қабырғасында жүргенде қылқаламды бояуға малып, сурет салып, қабырға газетін безендіріп, суретшіліктің де өзіндік ерекшелігіне аз-маз көңіл бұрған-ды. Көзбен көргенін қаз-қалпында қарандашпен қағазға түсіріп, кескіндеп беру де-бір өнер. Бұл өнерден де Мұсаның хабары мол. Мектеп қабырғасында жүргенде мойнына фотоаппаратты іліп алып, табиғат көріністерін таспаға түсіріп алатын. Бұл өнер кейін қажетіне жарады. Жезді аудандық «Октябрь туы» газетіне фототілші болып жұмысқа орналасуына сол мектепте алған әуесқойлық өнері өзек болғандай. Аудандық газеттің сол кездердегі яғни осыдан 40 жылдай бұрынғы тігінділеріне зер салсақ, әдемі-әдемі фото-этиюдтер мен фоторепортаждарды көреміз. Ал, олардың түбінде

суретке түсірген Мұса Тілеуов деп қойылған қолды көргенде өнердегі өрістің қашан да кең екендігіне көз жеткізгендей боласыз. Аудандық газеттің тек фототілшісі ғана емес, сан-салалы жанрына қалам тартты, жыр жазды. Бір таңқаларлығы не жазса да аз жазды, бірақ саз жазды. Сонда оның маңайдағы құбылысты көзімен көріп, көңілімен түйетінін сезінесіз.

Бойындағы өнері бар жігіт алысқа қарап қанат қағады. Мұса да сонау Терісаққан бойын өрлеп, қос Жездінің сағасынан асып, қос Кеңгірдің арнасына қосылды. Өндірістің бел ортасына келіп, еңбек етті. Кеншілердің керуеніне қосылып, шыңырауға жол салды. Ел байлығын еселеуге үлес қосты. Сүйте жүріп, қаламы мен қағазын ұмытқан жоқ. Шумақ-шумақ жырларды қолы қалт еткенде жердің астында да, үстінде де үзбеді. Қайта үдете түсті. Жер астының шыңырауында отырып, жер бетіндегі Ұлытаудың көгіне қиял қалықтатып, ұларының қанатына хат жазды. «Ұлар-ұлар, ұлар құс» деп жыр төкті.

Әрине, қай өнерде болса да отын үрлейтін өзіндік бір ортасы болу керек. Ондай ортасыз өнер от ала алмайды. Ал, Мұса жүрген ортада өнерлілер көп болды. Бір өзі бір дүйім елді ұйытатын Шынболат жыраудың жанында Мұса да жүрді. Аспандағы аймен сырласқан ақын Аманғали Ербозовпен, адуынды ақын, көрнекті қаламгер Қуаныш Ахметовпен жолдас болды. Сайлаухан ақынға жырларын көрсетіп, ақыл-кеңес алды. Сөйте жүріп, Мұсаның өзі де жай Мұса, жаяу Мұса емес, ақын Мұса атанды. Мұсаның жазған жырлары қалалық, облыстық, республикалық мерзімдік басылымдарда жарық көріп жатты. Бірнеше жыр мүшайраларында Мұса Тілеуов жүлделі орындарды қанжығаға байлады. Бұл – шопан Мұсаның, кенші Мұсаның, ақын Мұсаның атына анық мінгендігінің жарқын бір дәлеліндей емес пе? Мұса ақынның алғашқы жыр жинағы жарық көріп, оның тұсаукесері Сәтбаев қаласында өткен сәтінде әйгілі Сайлаухан аға Нәкенов: «Бұл Мұса аз жазады, Аз жазса да саз жазады. Оның әр өлеңін мен сараптап оқып отырамын», – деген еді Әсілінде, біреуді мадақтауға келгенде көп шешіле бермейтін Сәкеңнің көңілінің аууы, сөз жоқ оның шығармашылығына деген ризашылығының белгісі болар. Ал, осы өңірдегі ақындар ортасында Сайлауханнан ондай жылы сөз есту, ол белгілікті бір деңгейде Мұсаның ақындығын жоғары бағалағанын аңғартады.

Ақынның атқарар ісі белгілікті бір шеңбермен, белгілікті бір көлеммен шектелмейді. Елдегі күйініш те, сүйініш те ақын жүрегінің сүзгісінен ең алғашқы болып өтеді. Қуаныш болса шаттанып, реніш болса күйзелетін де ең бірінші ақындар. Бұл бүгінгі ғана айтылып тұрған жаңалық емес, ықылым заманнан бері ақындар елдің алдында келеді дегенді бабалар текке айтпаған. Демек, ақындық жолға түскен Мұсаның да ел тағдырымен сырлас, мұңдас болуы. Елдің жоғын жоқтап, мұңын мұңдаған ақын – азаматтың азаматы. Елдің сөзін сөйлеген жан елдің азаматы, елдің ұлы деп айтылатыны да осыдан. Осылай десек, Мұса ақынның шығармашылық тақырыбының дені туған ел, ондағы еңбек адамдары, табиғат суреттері болып келеді. Жер жаһанға Жезқазғанның атын жайған Қаныш Сәтбаев жайлы жазған балладасы қазақ халқының мәртебесін көтерген алып ағаның заңғар келбетін бүгінгі жастарға үлгі-өнеге еткендей. «Мен емес, менің туған халқым алып»

деп Черчилль алдында халқын жоғары ұстаған Қанекен бейнесін Мұса ақын әдемі жырмен айшықты бейнелеп берген. Бұл да болса ақын шеберлігінің шыңдалғандығының белгісі.

Жеті қат жер астында бұрғы ойнатып кен қазған ақын жігіттің ойы терең, қиялының ұшқыр болуы заңды. Бұрғыдай ойды тереңге сүңгітіп, қиялды көкке қалықтатып, шабыттың шалқарына ерік беру екінің бірінің маңдайына жазыла бермейді. Ол ақынның арманымен астасып, көңіл көкжиегін көмкергенде ғана жыр толқытып, санадағы сан ойға жан бітіріп, жалғанға жария етеді. Осы бағыт Мұса ақынның шығармашылығында өн-бойынан байқалады. Сұлулыққа сүйсініп, махаббатқа бас иіп, табиғатқа тамсанып, жазған жырлары жастардың да, жасамыстың да сезімін өрге қарай сүйрей жөнеледі. Бұл Мұса ақынның жырларындағы жақсы бір жарасымды жақтары. Ал, Отан, туған жер, тарихи тұлғалар жайлы толғаулары мен балладалары еңбексүйгіштік пен татулыққа, береке мен бірлікке шақырады. .

Том-том кітап жазғанда солардың ішінен талғамына келетін тәп-тәтті, бір тамсандырар шумақты жаттай қалсаң, жазған ақынның да, оқыған жанның да, мерейі асып тұрмай ма? Осылай десек, Мұса ақынның жазған жырларында өзімен бірге өміріне серік болатын әдемі шумақтары аз емес.

**Батырбек Мырзабеков,**  
ақын, Қазақстан Жазушылар  
Одағының мүшесі.

*1-бөлім*

# Өлеңдер



## СӘТБАЕВ – КИЕЛІ МЕКЕНІМ

Мақтаныш-Қаныштай ұлысы,  
Жастары жасампаз көк өрім.  
Халқымның береке-ырысы,  
Сәтбаев – киелі мекенім.

Керімсал кеншілер алаңы,  
Көшелер шомылып шуаққа.  
Келемін аралап қаланы,  
Кіргендей пейіш пен жұмаққа.

Нұр жауып шуақты шаһарға,  
Құшағын жаяды тал, терек.  
Шаттығы шалқиды жаһанға,  
Шынболат сарайын ән кернеп.

Барым да, бағым да-басымда,  
Елім деп, жерім деп өтемін.  
Думаны ұласқан ғасырға,  
Сәтбаев – киелі мекенім.




\* \* \*

Қазына-әр қиыр, әр тасы,  
Қаныштан көш тартқан жол басы.  
Сәулеті, дәулеті жарасқан,  
Сәтбаев – кеншілер ордасы.

Әр таңы – ерлік пен ертегі,  
Жасампаз жарқын күн-ертеңі.  
Мысы мен ырысы шалқыған,  
Бұл қала кеншілер мекені.

Ажарын аймалап нұр ғана,  
Шуаққа шомылып тұр қала.  
Егемен елімнің ырысы,  
Қазақтың мақтаны-бұл қала.



## ЖАЙНАЙ БЕР МЫС ОРДАСЫ, КЕНДІ ҚАЛА

Тасына тері тамған ғұламаның,  
Лайық есіміне ұлы ағаның.  
Жайнайды Жезді өлкеде жасыл қала,  
Шуақпен шомылдырып шынар бағын.

Кеншілер балап жүрген бесігіне,  
Кіндігі кенді өлкенің осы міне.  
Сыланған сұлу қала – кен ордасы,  
Лайық Қаныш аға есіміне.

Сайратқан сахнада бұлбұл үнін,  
Шыңдаған Шынболаттай дүлдүл ұлын.  
Ұясы құрыш қанат қырандарың,  
Куәсі береке мен бірлігімнің.

Жарасып Қаныш аты сәулетіне,  
Шалқыған шахталарда дәулет, міне.  
Жүздесіп көрген сайын қуанамын,  
Шамшырақ кеншілердің әулетіне.

Күміс күн себелесе нұрын көктен,  
Көк желек шұғыладан шырын өпкен.  
Дәл мына саябақта әлі есімде,  
Қуаныш тұра қалып жырын төккен.

Қондырып өресіне өз биігін,  
Зерлеген Жақсыгелді «Жезкиігін».  
Әйгілі Кәкімбектей ақиықтың,  
Әніне арқау етіп сөз түйінін.

Айырып қара тастан қаймақ алар,  
Арқада, міне, осындай бай қала бар.  
Осында елге әйгілі ағаларым,  
Тер төккен Демберген мен Тайғаралар.

Көтерген өз қолымен шахталары,  
Кен құйса әлі күнге мақтанады.  
Бүгінгі жаны жайсаң ардагерлер,  
Кешегі өндірістің ақтабаны.

Жастары жақсылыққа жаны құмар,  
Алау қыз, жанып тұрған жалын ұлдар.  
Ертеңі еркін елдің үкілеген,  
Салтанат сауығымның сәні бұлар.

Тарихым таңбаланып енді ғана,  
Аңсаған азат күнім келді жаңа.  
Көркейіп күннен күнге, еңсең өсіп,  
Жайнай бер мыс ордасы – кенді қала.

## ЕҢ “КІШКЕНЕ” ҚАЗАҚ

Көрініп тұр тым тәкәппар екені,  
«Нью-Йорк» – капиталдар мекені.  
Ғимараттар аспанменен таласып,  
Зеңгір көкке сіңіп кеткен екі елі.

Нөпір халық, абыр-сабыр айналаң,  
Машиналар құмырсқадай қайнаған.  
Кең көшені кереметі кернейді,  
Алып қала, алпауыттар жайлаған.

Бір шетінде алаңқайдың шап-шағын,  
Шағын үй тұр, сарайындай патшаның.  
Бүгін мұнда кеңес құрып ғалымдар,  
Сөз алуда небір шешен от-жалын.

Білімдарлар пікір айтса – дес бермей,  
Кім қалады көзін жұмып, ескермей.  
Тек әнебір бизнесмен мырзалар,  
Мұрындарын шүйіреді қош көрмей.

Өңкей көкжал, жыртқыштардан ұялы,  
Әрменірек, ғалымдармен зиялы.  
Отыр еді, академик Сәтбаев,  
Шартарапты шарлап қанат қиялы.

Орынынан көтеріліп жай ғана,  
Зал ішіне көзін салды ойлана.  
Дуылдаған пікірталас сап болып,  
Тына қалды демін тартып айнала.

Кере қарыс, кең мандайы жарасып,  
Кең кеудеге тай жортқандай таң асып.  
Кермиықты, зор тұлғалы ғалымға,  
Сансыз жанар қарап қалған, таласып.

Бидай өнді, қызыл шырай, қыр мұрын,  
Толықсып тұр, толқын шашы бір қырын.  
Ел құрметін ілтипатпен қабылдап,  
Түсіндірді сапарының сыр-қырын.

Таныстырып, туған жерін, өңірін,  
Өз елінің тұрмыс-салтын, өмірін.  
Лебізінен домбыраның сазындай,  
Зал ішіне құйылды бір қоңыр үн.

Манағы бір марғау күйден арылып,  
Мырза біткен ұйып отыр, сарылып.  
Не де болса, мынау тегін жан емес,  
Көмейінен шыққан сөздің бәрі нық.

Тура айтады, кесіп-пішіп, есептеп,  
Түйіндейді, түйдек-түйдек кесектеп.  
Тың ойымен тыңдаушыны толқытып,  
Шешімдерін ұсынады, кезектеп.

Мистер Томпсон Сәтбаевқа бұрылып,  
Қарап қалған, өліп-өшіп құнығып.  
“Осы жігіт, япырау, шын қазақ па?!”  
Тұла бойы тұнып тұрған ұлылық...”

Кәрі Томпсон беделді бір алпауыт,  
Үйренбеген, ит тірлікпен мал тауып.  
Емшек сүті езуінде жүргенде-ақ,  
Олжа іздеген, алыс елден жол тауып.

Белі қатып, жігіт болып зерделі,  
Әлі есінде әкесіне ергені.  
Әлі есінде, алыс елдің қиырсыз,  
Кең жазығы, өркеш-өркеш белдері.

Тағы да бір көңілінде қалғаны,  
Көл-көсір бір, кенді өлкеге барғаны.  
Сары мыспен қойны-қоншын тығындап,  
Әкесінің орындалды арманы.

Шаңы шығып тілімденді көне жер,  
Тасы ұшып, төңкерілді төбелер.  
«Қазақ» деген халық екен, қараңғы,  
Алдап-сулап, жұмысыңа жеге бер.

Сол қуаныш, әттең, ерте үзілді,  
Ашық аспан аяқ асты бұзылды.  
Ту көтерді, қара сирақ жалшылар,  
Арқа тұтып, қарғыс атқан қызылды.

Күн тұтылып, қараң қалды бәрі де,  
Елге қайтты, ендігінің сәні не?  
Суға кеткен шахталарын ойласа,  
Кеуде тұсы ауырады әлі де.

Керуен көшті, кейін қалып көп белес,  
Есте бары бұлдыр сағым, тек елес.  
Енді сонау мысты өңірдің қожасы,  
Мына қазақ, өзіменен тетелес.

Көрініп тұр, жеке дара екені,  
Дарынына білімі сай, жетеді.  
Қараңғы елдің саяқ ұшқан сұңқарын,  
Нар тәуекел, бір сынаса не етеді?

Өңі түгіл, өртенбеген түсінде,  
Күйік қоздап, Томпсон шалдың ішінде.  
Үзілісте күле қарап, Қанышқа,  
Қалжың айтты, бейкүнә бір пішінде.

– Қаныш мырза, балап тұрмын ініме,  
Ризамын, жолығысқан күніме.  
Қазақ деуге қимай тұрмын мен сізді,  
Қазақ біткен бәрі сіздей ірі ме?

– Мистер Томпсон, қазақ деген кең дала,  
Елде қалды үлкендерім, ең дана.  
Ұлы халқым не бір алып туыпты,  
Ішіндегі ең кішісі мен ғана...

Кәрі Томпсон, қолын беріп, тұра қап,  
Мойындаған, сөйлегенін тым ағат.  
Нью-Йоркке аңыз болып тарапты,  
Сондағы бір Қаныш айтқан ұлағат.

## ҚАНЫШТЫҢ ҮШ АРМАНЫ

Дем жүрмей, тамағынан дәрі сыймай,  
Қиналып, қайран Қаныш, арысым-ай.  
Сарқылып, күш-қуаты отырғанда,  
Келіпті, Мұхтар досы халін сұрай.

Жаутаңдап, жанарынан өмір аунап,  
Шықпайды қоңыр үні қоңыраулап.  
Шарасыз досын көріп төсектегі,  
Мұхтар да күмілжіді, көңіл аулап.

– Биіктен биіктерге самғадың тек,  
Ел жұртың әлпештеді, ардағым деп.  
Ауылда өсіп, атандың академик,  
Қаныш-ай, арманың жоқ, арманың жоқ.

Сусыған, ақ төсектің шетін жаба,  
Қан-сөлсіз бұрды Қаныш бетін ғана.  
Онаша бірі дертті, бірі шерлі,  
Қазақтың екі алабы, екі дана.

Тағдыры, заманы бір, сыры-мұңы,  
Даланың бірі – заңғар, бірі – шыңы.  
Қазақтың қос биігі дара туған,  
Бұлардай кім ұғады бірін-бірі.

–Е, солай, солай Мұқа, сырым анық,  
Көрмедім, пенде болып тыным алып.  
Тер төктім, қадірімше халқым үшін,  
Талпындым ілім ұстап, ғылым танып.

Қолдады кең даламның салты мықты,  
Қазақ боп, бар ғаламға даңқым шықты.  
Бағым да, бақытым да елімменен,  
Қызығым, қуанышым-халқымдікі.

Күш-қуат қолда барда дәрмен көріп,  
Шайқадық дүниені, дәурендедік.  
Ғұмырдың қысқалығы рас екен,  
Халімді көріп тұрсың, тәубе дерлік.

«Тәубе!» деп тәңіріге жалбарынар,  
Сын сағат соқты, білем, алдым мұнар.  
Пәниге,ризамын десем-дағы,  
Тұншығып, іште жүрген арманым бар.

Ұқпадым иман-құран өсиетін,  
Білмедім пір мұсылман қасиетін.  
Болмады, бір сәтті күн дұға қылып,  
Ата-ана әруағына бас иетін.

Не қайыр, көштен қалып оянғаным,  
Не қайыр, орны толмас ой-арманның.  
Алдамшы дүниені шарлап жүріп,  
Бір белгі өз қолыммен қоя алмадым.

Көз салып суреттерге бұрыштағы,  
Сәл ғана демін керіп, тыныстады.  
Әлден соң әлгі үзілген сөзін жалғап,  
Болмашы иек қағып, дыбыстады.

– Білемін, ардақтарым, аңсадыңдар,  
Қарамды күте-күте шаршадыңдар.  
Сапарға шығар күнім таяу білем,  
Жәннатта жабырқамай қарсы алыңдар.

Жарық күн қимай-қимай батар мына,  
Таусылар дәм де, тұз да, татарым да.  
Ел-жұртым жылай-жылай қош айтысып,  
Шығарып салар соңғы сапарыма.

Сыңарым құдай қосқан жас күнімнен,  
Себелеп, жанарынан жас төгілген.  
Аңырап, ағыл-тегіл жоқтар ма екен,  
Бабамның салтыменен, дәстүрімен.

Әй бірақ... айту соны қиын маған,  
Тағдырдан бұл да, сірә, сыйым алған.  
Жасаған өз еркіммен, өз қолыммен,  
Бұл да бір арман екен бұйырмаған.

Ал, енді соңғы арманым, ақырғы үміт,  
Төсектен тұрғызардай, батыр қылып.  
Кен терген жастық күнім көз алдымда,  
Кеңгірдің жағасына шатыр тігіп.

Шарладым көлденең де, ұзыннан да,  
Ықпадым сызынан да, мұзынан да.  
Тепсініп, Кремльге талай кірдім,  
Шындықты бетке басып қызынғанда.

Кеңгірдің игеріліп кен байлығы,  
Мыс қайнап, ақтарылды ен байлығы.  
Жезқазған, жаңа қала бой көтеріп,  
Шалқыды ел дәулеті, ел байлығы.

Аянбай арқалап ем азабын мың,  
Дәл қазір осыны ойлап, азалымын.  
Боданға түсіп кетпей ел дәулеті,  
Өзіне бұйырса екен, қазағымның...

Қазына сақтап жүрген сұлтаныма,  
Өзгенің түспесе екен, ұлтанына.  
Ұқыптап, ұстай білсе-ризығы,  
Жетеді ұрпағымның ұрпағына.

## АЙТУ КЕРЕК, АЙТҚАННАН СОҢ ТЕК ШЫНЫН

*Соғыс аяқталғаннан кейін полковник  
Бауыржан Момышұлы бас штабтың  
академиясын қызыл дипломмен бітіріп  
осында сабақ беруге қалдырылады.  
Соғыс тактикасынан дәріс алушылар  
кілең генералдар екен. Үлкен жиынның  
бірінде академия бастығы маршал  
Захаровке бір генерал сұрақ қояды.*

Білгендері осы болса, сене қал,  
Құйтырқының сөзі ме ,әлде, кереғар.  
Командирге әскери бір сабақта,  
Сұрақ қойды әлдебір жас генерал.

– Қаһар төгіп, қан майданға кіргенде ер,  
Сапта жүрді шалғайға құр ергендер.  
Айтыңызшы, көрсетпеді неге ерлік,  
Орта Азия елдерінен келгендер?!

Тәжікке де, өзбекке де ортақ мін,  
Сулығына жарамады солдаттың.  
Жалғыз-жарым бармақ түгіл барлауға,  
Орманнан да, аяздан да қорқатын.

Көпке сыйлы, айтары мол ағалық,  
Сталиннен құрмет көрген, баға алып.  
Осы оқу орынының үлкені,  
Орынынан тұрды маршал Захаров.

– Е, ол жақта аяз да жоқ, орман жоқ,  
Соғыс деген соңғы үш жүз жыл болған жоқ.  
Қайдан келсін тәжірибе халыққа,  
Қалқан ұстар ел-жұртына қорған боп.

Жиындағы китель киген бар текті ,  
Шен-шекпенді мына хабар тәнті етті.  
Суырылып жұрт ішінен сол сәтте,  
Сұңқар даусы Бауыржанның саңқ етті:

– Айту керек айтқаннан соң тек шынын,  
Еркек емес ездің сөзін естідім.  
Дәл жаңағы сұрақ қойған-сұмырай!  
Жауап берген одан да өткен жексұрын!

Шатыр етіп, күн шуақта найзағай,  
Осылайша ушығыпты дау – дамай.  
Академия айналасы у да шу,  
Абыройы ақтарылып айрандай.

Сәл кешіксе, жарылардай ызаға,  
Генералдар кеңес құрды өзара.  
Бір – екеуі министрге жүгірді,  
«Бұзақыны бұйырсын!» деп «Жазаға!».

Ақыр соңын білсін өзі бір құдай,  
Трибунал аузын ашып тұрғандай.  
Шақырып ап кеңсесіне Булганин,  
Депті: – Кәне, Момышұлы, бұл қалай?!

Жауынгерге жараспайды ісің бұл,  
Не үшін, қалай, тәртібіңді түсіндір,  
Білесің бе, ненің күтіп тұрғанын,  
Командирді қорлағаның үшін бұл?!

– Жолдас маршал, ақиқатым бұл менің,  
Еріксізден екеуін де тілдедім.  
Ел алдында мазақ қылды екеуі,  
Бүкіл халық – орта Азия елдерін.

Ғайбатталып, халық деген ізгі ана,  
Тілімдеді жүрегімді жүз жара.  
Ақ-қарасын болған жайдың анықтап,  
Төрелігін айтатұғын сіз ғана.

Жан емеспін, жарға ұрынар бекерден,  
Шындық үшін отқа түсіп кетер ем.  
Қандай жаза берсеңіз де, мен дайын,  
Айыбымды мойыныммен көтерем.

...Ұзақ – сонар ойға шомып министр,  
Шақ орнады, кеңсе іші тыныш бір.  
Мынау қатал тымырсықтан тұншықпай,  
Шамаң келсе, тағы бір сәт тыныс қыл...

Жүзін бұрып әудемнен соң шырайлы,  
Министрдің үні естілді сырнайлы.  
– Момышұлы, бұл жолы тек ескерту!  
Екінші рет қайталама мұндайды.

## Т Ә Р Ж І М А

Талайларға таңсық болған ертеден,  
Пай-пай, Питер, қандай ғана көркем ең.  
Ұшырасты сәті түсіп үш мырза,  
Сұлу Нева жағасында ертемен.

Үшеуі де ел таныған әйгілі,  
Заманының жарық Жұлдыз, Ай, Күні,  
Жағалаудан суреттері суға ойнап,  
Толқытады әсем өзен айдыны.

Айтылды сыр, не бір ғажап дәріптер,  
Шөлікесең, қадіріне қанып көр.  
Сөйлеушілер Дулатов пен Толстой.  
Екеуіне Бөкейханов дәнекер.

Қиялдарды қиял жалғап, жарысты ой,  
Шыр айналып, шарлап кетті ғарышты ой.  
Міржақыпты тәржімалап Әлихан,  
Тыңдап отыр граф Лев Толстой.

Бүгінменен сабақтасып бұрынғы,  
Әңгіме-сыр, талай өрнек құрылды.  
Арыстан жал шашын сілкіп әлден соң,  
Міржақыпқа граф сәл-пәл бұрылды:

– Якуб мырза, лебіңе қанықтым,  
Ізет-құрмет, сый-сияпат таныттың.  
Сізді көріп, танып тұрмын мен бүгін,  
Қасиетін «Қазақ» деген халықтың.

Сәл кешірек білгеніме өкінем,  
Алла разы, тағы не бар, өтінем.  
Желмаямен жерұйықты аралап,  
Қыр самалы сипағандай бетімнен.

Сахараның салтанаты бір басқа,  
Жаны жайсаң жан екенсің жолдасқа.  
Бір адамдай орыс тілін білесіз,  
Аудармасыз сөйлесуге болмас па?!

– Граф мырза, менің де сол тілегім,  
Он үш тілде еркін сөйлей білемін.  
Ал, орысша анау-мынау мұжықты,  
Сүріндірсем, деген жанның бірі едім.

Бекер болды сондағы албырт шақтарым,  
Алды-артымды анық бүгін шақтадым.  
Кең даланың кереметін сиғызып,  
Айтып берер аталы сөз таппадым.

Тыңдағанға таусылар ма ғажабы,  
Күмбірлейді құлағымда сазы әлі.  
Жеткізе алмас, сырнай үні қайталап,  
Домбыраның болады екен өз әні.

Жөргегімнен жүрегіме ұялап,  
Жүрген сырлар қай теңеуге сияр нақ.  
Жомарт дала, жайсаң халық, ұлы ел,  
Ұлылығын айта алмасым қиянат.

Сенгенім де, сенерім де өз тілім,  
Өз тілімде өрнектелді сөз бүгін.  
Қүдіретін қара сөздің айғақтап,  
Паң даладан Петерборға озды үнім.

Айта алдым ба, айттым білем барымды,  
Аямадым жалынымды, жанымды.  
Ал, тәржіма – тәржімаға сенем мен,  
Досым барда Әлихандай дарынды.

## КЕНЕСАРЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

*Оқ тиіп, әбден қансыраған, шалажансар  
Кенесарыны Орман датқа найза ұшына  
көтеріп алыпты.*

*Сонда Кенесарының айтқаны:*

Көлбеп ұшты көзімнен арман менің,  
Бақ тайғанын келмейді жалған дегім.  
Алақандай қазақты қорғаймын деп,  
Айдаһармен алысқан тарлан едім.

Батырларым қан кешті топ бастаған,  
Бармаған жер, тау-тасым жоқ баспаған.  
Қол берер деп келім-ем қырғыз інім,  
Арамызға қай сайтан от тастаған?!

Ойлан, Орман ақиқат адасқаның,  
Торығаның жолымды қай сасқаның.  
Қазақ, қырғыз ежелден егіз едік,  
Бұлт шалмаған бүтінде айлы аспанын.

Екі талай күн туған шақта мына,  
Ер ғой дегем ілесер қапталыма.  
Аяқ асты жау шығып, жаттан жаман.  
Қапылыста түсірдің қақпаныңа.

Кісі болып өлемін, өлсем құнды,  
Қуанарсың көзімнен көрсең мұнды.  
Шен-шекпенге сатылған бейбақ болсам,  
Ақ патшаға жақпас па ем дәл сен құрлы.

Қияда еді о баста өрем менің,  
Өле-өлгенше келмейді төмендегім.  
Жан тәсілім осынау шағымда да,  
Найза бойы қарашы төбеңдемін.

## ҚОШҚАРБАЙДЫҢ АСУЫ

Сейіл құрып, жер көріп, қарауыл сап,  
Қос салт атты келеміз жолаушылап.  
Қасым шалдың күреңі жортақтайды,  
Тізгін сүзсе мен мінген жарау құла ат.

Майдың көркі маңайдан танылып тұр,  
Көкорайға көк пен жер малынып тұр.  
Үлпілдейді ақ қанат періштедей  
Тобылғының бүрінен жарылып гүл.

Тербетілген толқынға шағылып нұр,  
Қамыс қоға үкісін тағынып тұр.  
Көк қынасын көмкеріп кеудесіне,  
Кәрі жартас көктемге табынып тұр.

Ілбіп, жылжып келеміз жоғарыға,  
Ат тұяғы ілікті Обалыға.  
Пана болар, тіріге тұлдыры жоқ,  
Мына таудың кім қалған обалына?

Найза тастар аспанды шанышады,  
Құс та мұнда кіре алмай, әрі ұшады.  
Құзарлардың шекесін күн қуырып,  
Бұлт бауырлап, бүйірден жанышады.

Жалаң кеуде қайқиған төсі биік,  
Аталыпты Қошқарбай осы биік.  
Дәл түбінен қара су сығалайды,  
Өлі жанның көзіндей тесірейіп.

Жұмақ кейін қалыпты, мынау – тамұқ,  
Өлі тау бұл, өтіп көр, сынауы анық.  
Терісаққанның бойынан тап мынадай,  
Сүреңсіз жер таппассың сұрау салып.

...Үндемейді несие шал асылы,  
Шаршатты ма шатқалдың тар асуы.  
Тіл қатты тек төменнен көрінгенде,  
Қошқарбайдың әйгілі қара суы.

– Туған жер-ай, салтыңа берік-ақпыз,  
Дәмің айдап төсіңе келіп қаппыз.  
Қошекемнің асуы-ай, ат қансорпа,  
Өзіміз де қалжырап, өліп қаппыз.

Е-е, ол күннің қалды ғой ауылы әрі,  
Өлі ойласам, жүрегім ауырады.  
Бір әңгіме айтайын, аунап түссін,  
Мына жатқан атаның әруағы.

Батыр аңғал дегенде жан бар екен,  
Батыр баба Қошқарбай аңғал екен.  
Қалауынша батырға жер-су сыйлау,  
Ел ішінде сол кезде заң бар екен.

Қоныс та мол құйқалы, өріс те кең,  
Елден батыр еншісін бөліспеген.  
Құрметіне лайық үлесі бар,  
Халқы біліп, сый тартса, теріс пе екен?!

Сол заманда Арғынның арасынан,  
Қабыландай ширығып, аласұрған.  
Паң даланың майталман, ардагері,  
Жанайдардың Мейрамы аға сұлтан.

Малы сыймай ол кезде өрісіне,  
Жер-су дауы көп екен ел ішінде.  
Жаз жайлауға таласып бір-екі ата,  
Келмей жүрген шағы екен келісімге.

Сұлтанның да жараспай жүр әуені,  
Батырына жер таппай бір мәуелі.  
Қанша ойланса манағы жалаңаш тау,  
Көз алдына келеді ең әуелі.

Қошқарбайды шақыртып сұлтан Мейрам,  
Әдейілеп ақыры қылған мейман.  
Ат мінгізіп жүрерде, депті:– Ал,батыр,  
Жер, суың бар жіп тастар, ойлан қай маң?

Еңсем биік сен өтсең төрге қарай,  
Пана болған батыр ең елге талай.  
Қарауылға көрінер үш күндік жер,  
Мына адырды сыйласам, жөн бе қалай?

Қайран сабаз,батыр-ай, ардақты ерім,  
Бастың қамын пенде боп, аңдап па едің?  
Депті мәз боп баладай: – Ой, Мейреке-ау,  
Сол биікті өзім де таңдап келдім.

Жайлау да мол батырда, өріс те кең,  
Бергенді алса, өкпесіз теріс пе екен.  
Ірілігі танылып тұрған жоқ па,  
Аңғалдықтың өзінен сол істеген.

...Шалың жетік көне сөз, көп есімге,  
Арғы-бергі шежіре көбі есінде.  
Әңгіменің алданып қызығына,  
Әлі отырмыз адырдың төбесінде.

Қызыл жалқын бояуын ілестіріп,  
Қырдан құлап барады күн кешкіріп.  
Қолтығынан жел соққан жартастардан,  
Бабалардың тұрғандай үні естіліп.

## ҚАЗАҚТЫ БАР ҒАЛАМҒА АЙҒАҚТАҒАН

*11.10.2008 жылы Терісаққанда «Қазақмыс»  
корпорациясының демеушілігімен кешегі  
Қызыл империя тұсында жермен жексен  
болуға айналған Мейрам Жанайдарұлының  
кесенесі қалпына келтіріліп қайта  
тұрғызылды.*

Бойында Терісаққанның думан бүгін,  
Ел-жұрты еске ап жатыр туған ұлын.  
Ақтарыл ағыл-тегіл, ал, кәнекей,  
Күмбірлеп көмейіме тұнған жырым.

Ақын ем, ақиқатты армандаған,  
Ордаңа оралдың ба, тарлан бабам.  
Қауыштың халқыңменен сағындырып,  
Қазақтың бақ жұлдызы жанған заман.

Алаштың көктен берді тілегенін,  
Бағанды бағалаған біледі елің.  
Ұраны ұлысыңның топ бастаған –  
Халқының арқа сүйер тірегі едің.

Еркіңе иліктіріп арай таңды,  
Сөйлесең тамсандырдың талайларды.  
Салтанат сәніңменен, сәулетіңмен,  
Ұйыттың ақ патшаны сарайдағы.

Атағың алты алашқа аспандаған,  
Аңыз боп ел аузында дастан қалған.  
Оюлап Петерборға орда тігіп,  
Сапырып саумал құйдың дастарханнан.

Айналып намыс-отқа, жігер-шоққа,  
Тартынбай тарлан едің кірер топқа.  
Сағымды сахараның дүбіріне,  
Селт етіп құлақ түрді Европа.

Қазақтай кең далада байтақ барын,  
Бар әлем, барша жұртқа айғақтадың.  
Қырандай қанаттандың қайта түлеп,  
Жалт еткен жанарыңнан жайнап жалын.

Ұшқыр ой, кемел ақыл, парасатың,  
Кемеңгер келбетіңе жарасатын.  
Ақындық, саяткерлік, өрлік, кеңдік,-  
Ұстадың ұлағатты дала салтын.

Үнсіз-ақ іштегіңді ұқтыратын,  
Тентекті тегеурінің ықтыратын.  
Естілсе Мейрам атың орынынан,  
Дүрлігіп орыс-қазақ тік тұратын.

Тайған жоқ дәуір әлі тұғырынан,  
Сар дала жатыр шалқып сыры тұнған.  
Әз баба ел есінде дәл осынау,  
Мәңгілік сақталады ұлы тұлғаң.

## ҰЛЫТАУҒА БАРҒАНДА

Өріңе ұлар ойнап,қыран қонған,  
Атағың алты алашқа ұран болған.  
Атыңнан айналайын арда тауым,  
Аймалап құшақ жайдың құба жоннан.

Жадырап жанға сая өкпегіңе,  
Бұрылдым бабам басқан бөктеріңе.  
Куәгер әрбір тасы, әр жықпылы,  
Кешегі қилы кезең өткеліме.

Ұйтқысы бірлігім мен ырысымның,  
Еңселі ордасы едің ұлысымның.  
Жасақтар жауға шапқан осы жерден,  
Жүзінен от тұтанып қылышының.

Ұран боп Ұлытаудан тараған үн,  
Үш жүздің дүрліктірген аламанын.  
Әп сәтте кең далада керуен көшіп,  
Бата қып, бас қосыпты бабаларым.

Өтті күн,өтті дауыл, өтті түнек,  
Селеудің селдір шашын жел сілкілеп.,  
Тек сонау найза шыңдар сол қалпында,  
Көзге ыстық көрінеді көкті тіреп.

Бармысың баба тауым тұғырыңда,  
Бақыт пен бақ тілейін ғұмырыңа.  
Көне көз аманаты ең тарихымның,  
Ұрпақтан ұрпақтарға ұлы мұра.

Көгіңде қалықтасын қыраның тек,  
Қияға қонсын қайта ұларың кеп.  
Жасай бер дара тауым – Ұлытауым,  
Халқымның, қазағымның ұраны боп!..

## ӘМІРШІНІҢ БЕЛГІСІ

Қол бастап жер қайысқан ағыл-тегіл,  
Өтіпті Ұлытаудан Әмір Темір.  
Жатыпты шатыр тігіп ұнаған соң,  
Жұмақтай жанға шипа тәуір өңір.

Жағалай көк майсаға көмкерілген,  
Шарлапты әрі-бері өлкені кең.  
Шығыпты бір төбеге бөктердегі,  
Кеседей кішігірім төңкерілген.

Құлпырып қыр менен ой гүл-гүл жайнап,  
Арбайды мың бояумен тілді байлап.  
Өн-бойды ұйытады сұлу әнге,  
Жылғаның ар жағынан бұлбұл сайрап.

Шырмалып көк арша мен қызыл жыңғыл,  
Жартасқа жабысады құжыр-құжыр.  
Мойнына оратылып мұзарттардың,  
Тоқымдай торғын бұлттың үзігі жүр.

Сипалап боз жусанды белестегі,  
Самала сахарадан жел еседі.  
Құдай-ау, мына көркі дүниенің,  
Әлде шын, әлде ғажап елес пе еді?!

Пыр етіп тас түбінен қара құры,  
Тасадан үрке қашты бала бұғы.  
Тарғыл тау, аң мен құсы өріп жүрген,  
Ерекше көрінеді даралығы.

Сауыры сары теңбіл қаймақтанған,  
Жас елік тасқа шықты ойнап қана.  
Садағын оңтайлаған нөкеріне,  
Әмірші қол көтерді жайлап қана.

Шаңқылдап тас төбеде тау қыраны,  
Қалықтап көкті кезіп шарқ ұрады.  
Көрмесін, көрмесін де сорлы елікті,  
Шүйілсе-ақ түскен жерін қан қылады.

Сорғалап әрмен асты көк тағысы,  
Келді ме ол да өз салтын сақтағысы.  
Бөрі емес,мына лақты қайте қойсын,  
Тау-тастың қанды балақ мақтанышы.

Ілесіп қыранменен көңілі көкте,  
Әмірші көз салады төңірекке.  
- Аман бол, ей, Ұлытау, жер шоқтығы,  
Уақытым келе алмадым кеңіректе.

Дәру боп саумал ауа, салқын бұлақ,  
Саянда жаттым біраз аунап-қунап.  
Жол түсіп Тоқтамысқа жүріп барам,  
Төсіңнен аттанайын аруақ қолдап.

Ешбір тау иығыңа теңеспейді,  
Кім батып сені ұлы емес дейді?  
Шежіре-күздарынды араласам,  
Көзіме Қазығұртым елестейді.

Әмірші тізе бүгіп тәуеп етті,  
Жүрерде тағы бір күн сауық етті.  
Төбеге өзі тұрған тас қашатып,  
Үйгізіп белгі-қорған салып кетті.

Бойұсынып мезгіл атты төрешіге,  
Көнерді талай тарих ел есінде.  
Міз бақпай сол құлпы тас әлі де тұр,  
Жотаның жел тоздырған төбесінде.

# АҚ САМАЛ

*Ақын Б.Мырзабековке*

Сарыарқа төсі сая-бақ,  
Көркіне көңіл елтиді.  
Жанымды менің аялап,  
Самалы жұпар желпиді.

Тербетіп жасыл құрақты,  
Жусанын жұтып тамсанар.  
Жырыңдай сеің шуақты,  
Алдымнан соқты ақ самал.

Ақ самал жырға тәнті боп,  
Көз ілмей күнде жаттағам.  
Шабыты шалқар, жалыны от,  
Жетелеп алға тәтті арман.

Ұлытаудың асып биігін,  
Көзіммен көрдім ұларын.  
Өргізіп ерке киігін,  
Өзектен есті жыр-ағын.

Тұманың жұттым тұнығын,  
Жамылып жасыл орманды.  
Киесін ұқтым ұлының,  
Аралап көне қорғанды.

Тәу етіп баба басына,  
Бағасын білдім салтымның.  
Таңбасы түскен тасына,  
Тарихын ұқтым халқымның.

Ғасырларменен тілдесіп,  
Айдынын кештім ғарыштың.  
Жүйткіген желге ілесіп,  
Жезкиікпен жарыстым.

Еңіске түссем кешкілік,  
Байланып түнге қос жанар.  
Жырыңдай сенің есіліп,  
Алдымнан соқты ақ самал.

Ашылып кетті көмейім,  
Шөліркеп саумал жұтқандай.  
Шығарар жырдың мерейін,  
Шабытты күндер көп болғай.

## **БҰХАР БАБАНЫҢ ЕЛГЕ ЖАУ ШАПТЫ ДЕГЕН ХАБАРДЫ ЕСТІРТУІ**

Күз құлады, тау күйді,  
Ел шетіне жау тиді.  
Әкең де өлсе естисің,  
Ұғын, жұртым жай-күйді.

Қалың қалмақ лап қойды,  
Ит төзгісіз шарт қойды.  
Жамбасында жаншылып,  
Жарты қазақ қап қойды.

Қарындас пен баланың,  
Күйін көріп наламын.  
Таба алмадым шарт сынған,  
Домбырамның шанағын.

Қылышта тұр ұланым,  
Сөнгелі тұр шырағым.  
Қара кебін киініп,  
Қалтырайды мына күн.

Төзбесін де тозаққа,  
Көнбесін де мазаққа.  
Найза ұстасын, айтыңдар,  
Ұл бар болса қазақта.

Ерттеп мініп қазанат,  
Ерге қонсын азамат.  
Кек қайтарсын қалмақтан,  
Қоңтайшысын жазалап.

Қойшы қойсын кәсібін,  
Сұлтан төксін асылын.  
Екіталай ел-жұртың,  
Исі қазақ нәсілің.

Құр шайнамай бармақты,  
Қу ұлдарым қалмақты.  
Елім деген ерлерім,  
Батырларым әруақты!

## МҮМКІН ЕМЕС

*1937 жылы қыркүйек айының 24-ші жұлдызында,  
жексенбі күні көз алдымызда, тал түсте НКВД-ның  
төрт адамы қоршап, Сәкенді үйден алып шығып кетті.  
(Сәкеннің кенже інісі Мәжиттің естелігінен).*

Нар кеудеде тулайды сезім тұлпар,  
Табылар ма тірі жан сөзін құптар,  
Қаумалаған құзғындай төрт жендетпен  
Келе жатыр ілесіп Қызыл Сұңқар.

Қайтіп қана өзегі бүлкілдемес,  
Бар үміті секілді бір күнгі елес.  
Өз қолынан орнатқан үкіметі,  
Өзіне жау болуы мүмкін емес.

Мүмкін емес жау шығу өзіне өзі,  
Өз-өзінен кім, айтшы, безінеді?  
Бұл дүние не болып бара жатыр,  
Ет жүрегі соны ойлап езіледі.

Мүмкін емес, бәрі де байыпталар,  
Ақиқатты халыққа жайып салар.  
Жаз шыққандай жарқ етіп аспан асты,  
Көңілдегі көк мұнар ғайып болар.

Мүмкін емес бәрі де, мүмкін емес,  
Бекер бәрі осының бір күнгі елес.  
Болмашыға не керек пенде болып,  
Пенделікке қалайша күлкің келмес.

Әділет бар, достар бар сөзін құптар,  
Шыда, шыда, сыр берме, сезім-тұлпар.  
Қаумалаған құзғындай төрт жеңдетке,  
Келе жатыр ілесіп Қызыл Сұңқар...

\*\*\*

Күнге керіп кеудесін көк төбелер,  
Көктем лебі қалмады өппеген жер.  
Бүлдіршіндей жасанған дүниені,  
Әлдилейді анадай көк пенен жер.

-Тамаша екен, шіркін-ай, тамаша екен!  
Туған жердің қиырсыз даласы-ай кең,-  
Жұдырықтай жүрегі дүрсіл қағып,  
Көз тігеді алысқа бала Сәкен.

Асыр салған кішкене тентегіне,  
Қыр самалы өзге күй шертеді ме?  
Шартарапқа шарқ ұрып бала қиял,  
Қол созады ұмтылып ертеңіне.

Жасыл әлем, жарық күн, тылсым тірлік,  
Тау мен дала масайрап тұр шын күліп.  
Тас қорғанда отырған бала түйғын,  
Көтерілді қияға дүр сілкініп...

## ҚҰРБЫ ҚУАНЫШЫ

-Ауылға ақын келді, ақын келді,  
Ағайын, көрші-көлем, шақыр елді.  
Жыр қылып айта жүрер бүгін думан,  
Думанмен таң атады ақыр енді.

Оралып құрбы сөзі тіл үшін,  
Бойжеткен сығалайды үй-ішіне.  
Көрінсе таныс бейне, көзіне бір  
Берердей не сұрасаң сүйіншіге.

Үзіктен бой жеткен қыз сығалайды,  
Үздігіп, бір көргенше шыдамайды.  
Қос жанар мөлт-мөлт етіп қараңғыда,  
Күткендей бұлт ішінен шығар айды.

Шарлайды шартарапты ақыл-зерде,  
Шіркін-ай, ақын дер ме, батыр дер ме!  
Жарқырап кең маңдайы қарсы қарап,  
Жігіттің падишасы отыр төрде.

Күмәні, қуанышы-бәрі ішінде,  
Жас ару жаутаңдайды үй ішіне.  
-Құдай-ау сол екен ғой, сол екен ғой,  
Құрбыжан, керегінді ал сүйіншіге!

Мүлгіген селт еткізіп, түн-түнекті,  
Көмейден күміс күлкі сыңғыр етті.  
Бейкүнә қуанышын бойжеткеннің,  
Жаңғыртып қырда жартас күмбірлетті...

## ҚАНЖЫҒАЛЫ БӨГЕНБАЙ БАТЫРДЫҢ ҰРПАҒЫНА АЙТҚАН БІР СӨЗІ

Дәулетім бар өзімше нәсіп еткен,  
Жан емес ем қан төгіп,кәсіп еткен.  
Қару ұстап қолыма,қарсы шаптым,  
Құба қалмақ лап қойып,есі кеткен.

Күңіреңтіп кең дала, таң шуақты,  
Қара ормандай қалың жау қалжыратты.  
Қарындасты айырып жалғзынан,  
Қаратаудан шұбыртып зар жылатты.

Қызыл гүлім үзілді қауызынан,  
Қызыл қаным саулады ауызымнан.  
Ауған жұрттың орнында ауыл қалды,  
Шырылдатып қалмақтар бауыздаған.

Ат артына байлады арысымды,  
Аяғына таптады намысымды.  
Қыршындары оралмай қан майданнан,  
Қарт атаның қайғыдан сағы сынды.

Шер көңілге шемен боп өші көптен,  
Түре қудым қосынды жосып өткен.  
Жекпе-жекке тоқтатып қоңтайшысын,  
Кеңірдегін көлденең кесіп кеткем.

Хайуаннан қылығы асып кеткен,  
Шұнақ Доржы ел талап машық еткен.  
Қараобаның тұсында қарсы келіп,  
Қызыл қанын аспанға шашып кеткем.

Ат үстінен Халдайын іліп кеттім,  
Жарқыратып қарынын тіліп кеттім.  
Тұс-тұсымнан қоршаған тісін қайрап,  
Бір аламан ноянын қырып кеттім.

Арыла алмай сонда да ескі кектен,  
Ер жастанып тонымды төсек еткем.  
Нысанымға дөп келіп шолғыншысы,  
Көкірегін сұр жебем тесіп өткен.

Сауғасына-шартына жылымадым,  
Қалқан ұстап жолына тұрып алдым.  
Бір ұрыста әккі жау адастырып,  
Айдалада бөрідей ұлығанмын.

Қызыл қанға боядым қылышымды,  
Босатпадым найзадан уысымды.  
Босқан елдің қайтадан басын қосып,  
Ата жауға көтердім ұлысымды.

Жан емес-ем қару ап кәсіп еткен,  
Мал-жанымды өзімше нәсіп еткем.  
Халқым үшін қан кештім мен, қайтейін,  
Құба қалмақ лап қойып есі кеткен.

Кермеде тұр мен мінген боз ат бүгін,  
Әне, саған сыйым сол, азат ұлым.  
Отаныңның қорғай біл азаттығын,  
Қазағыңның сақтай жүр қазақтығын!

## ТӘУБЕ

Есі бар пенде ерігіп үйден қаша ма,  
Үйінен безіп барады сорлы жас ана.  
Аңқайған есік мылтықтың аузы секілді,  
Кешегі ғана келін боп түскен босаға.

Ошақтың басы теңкиген кілең өліктер,  
Енесі кәне, атасы қайсы, анып көр.  
Қаңырап қалған көмусіз көрдің ішінде,  
Үрейің ұшпай енді бір сағат қалып көр.

Өлімі құрсын, өмірге әлі қанған жоқ,  
Өшпейді бекер өн-бойын өртеп жанған от.  
Қызғалдақ ғұмыр құлпырған ғана шағында,  
Қиылмаса екен, қиылмаса екен арман боп.

Батпандай ауыр ілгері басқан әр адым,  
Білмейді ана қай жаққа, қайда барарын.  
Көкірегіне көлденең қысқан кішкене,  
Кірпігі ғана қимылдап жатыр баланың.

-Нан берші, апа, нан берші, апа, нан бар ма?  
Шықпайды үні шыбыны ғана қалған ба?  
-Бір үйлі жанның орнында қалған шикі өкпе,  
Қиямын қалай кеудемде тірі жан барда?!

Өлмеші, құлыным, жанымның соңғы шуағы,  
Өлмесең әлі тоқшылық күн де туады.  
Бір үзім нанды аузына салып ұлының,  
Үздіккен ана өзі де жерге құлады.

...Осылай, міне, сиығы сонау нәубеттің,  
Өткенге қарап, бүгінгі күнге тәубе еттім.  
Өмірден көрген аз емес еді сыбағаң.  
Аман бол жұртым, аман бол, қазақ әулетім.

## **ЕЛ КӨРГЕН ҒИБРАТ ПЕН ҒИБАДАТЫН**

Ұрпағы ұмытпайды бар болғанын,  
Батагөй бабалары жан болғанын.  
Есімі ел-жұртының жүрегінде,  
Халқына қасиетті Сармолданың.

Ұйытып иман-шартқа мәнерлеген,  
Хақ пенен құран жолын дәлелдеген.  
Нақышты назым жырға тәнті болып,  
Қаныштың өзі келіп сәлем берген.

Көрген ел ғибрат пен ғибадатын,  
Тәк тұрып тәңірідей иланатын.  
Сәждеге басын қойып, парыз өтеп,  
Алланың шапағатын сыйға алатын.

Жетелеп керуенін замананың,  
Иншалла, тағы талай жаңарар күн.  
Біз бүгін бет түзесек құбылаға,  
Батасы Сарымолдадай бабалардың.

## ХАМИТ АҚЫННЫҢ ҚАДІРІ

Сұлу Көкше кімдерді тамсаптаған,  
Бір көрмесем жылына аңсап қалам.  
Қызмет пен тұрмыстың күйбеңінен,  
Бір ай жатып, биыл да жан сақтағам.

Жүрер жастан кеткенбіз желік тілеп,  
Алаңсыз бір тынығу менікі тек.  
Сондай күннің бірінде Бурабайға,  
Ғафу ақын естідік келіпті деп.

Үздіктірген бір сиқыр өлең деген,  
Кірпік қақпай таң атты елеңдеумен.  
Түскен үйін ақыры іздеп барып,  
Ертесіне ақынға сәлем бергем.

Поэзия көшінің қара нары,  
Шау тартқаны байқаймын шамалы әлі.  
Жыр бәйгеде алдына қара салмай,  
Жел маядай көсілген дара шағы.

Әңгімесі жарасқан, көңілдері,  
Өзі тұстас үлкен топ төңірегі.  
Ғафу ақын ортада оқшауланып,  
Оқжетпестей көзге ыстық көрінеді.

Қол алысып болған соң құтты қонақ,  
Ықыласпен өңіме шықты қарап.  
Орын нұсқап, көрсетіп өз қасынан,  
-Айтшы,-деді,- жөніңді кімсің қарақ!

Атымды атап жатырмын, есімімді;  
Ақын ағам мені де десін ірі.  
-Ініңіз ем дәмелі мен де өлеңнен,  
Жезқазғандық мысшымын осы күні.

-Пәлі қарак! Мынауың дұрыс екен,  
Есен бар ма мысты аймақ, ырысты өлкең.  
Сәкен жүрген, кешегі Баубек өскен,  
Арқа елін мен өзім туыс көрем.

Қаныш ағам тау-тасын аралаған,  
Кенді өңірдің думаны тарамаған.  
Жерлестерің Жаманов Хамит ақын,  
Ол да досым, орыны дара маған.

Жылдар жылжып өтті ғой, айлар ағып,  
Бес жыл бірге оқып ек жайраң қағып.  
Алматыға ән-жырын ала келген,  
Ақын еді дарынды Жаңаарқалық.

Көп айтайын ол жайдың несін енді,  
Елге оралды, қалдырып досым мені.  
Өлеңдерін бүгін де оқып жүрем,  
Құлагердей баяғы көсілгені.

Арыла алмай өткеннің суретінен,  
Ғафаң сырын ақтарды ретімен.  
Мен Хамитты бетпе-бет көрмесем де,  
Абайсызда деп қалдым: - Білетін ем.

-Пәлі, пәлі! Мінеки, міне жігіт,  
Табыстым ғой туыспен жүрек біліп.  
Кел, ендеше, өзімнің інім болдың,  
Сыйласуға жарайтын ізет қылып.

Мақтаныштан қанатсыз ұшамын ба,  
Сүңгіп кеттім ашылған құшағына.  
Төбем көкке тимей тұр екі-ақ елі,  
Оқжетпестің шыққандай ұшарына.

Көкірегім қуаныш-ала құйын,  
Оянғандай ұйқымнан дара күйім.  
Айналайын атыңнан Хамит ақын,  
Қадіріңді мен сенің жаңа білдім

Асылымды қолдағы тани алмай,  
Жүр екем ғой жер басып, әлі ұялмай.  
Қайран ақын, аяулы қайран аға,  
Жүрегі-жыр, көңілі дариядай,  
Жүр екем ғой, жүр екем тани алмай.

Бурабайдың жұтқандай таң самалын,  
Жырыңды оқып әлі сан тамсанармын.  
Зор мақтаныш екен ғой көрмесем де,  
Бар екені өзіндей жақсы ағаның.

## АРДАГЕР СЫРЫ

Бірзамын ілтипатқа, марапатқа,  
Қанағат көрген құрмет, бар атаққа,  
Мен бе жалғыз дұшпаннан кек қайырған,  
Ел басына күн туған алапатта.

Тәубе-тәубе, қалды ғой нәубет кейін,  
Өзімді айтып несіне әуре етейін.  
Жауға берген міндетсіп жамбасымды,  
Төрден орын, бауырым, дәметпеймін.

Мені жұрттан бөлекше дәріптеме,  
Жазба атымды дәріптеп әліппеге.  
Қанша боздақ қайтпады қан майданнан,  
Әне, соның аттарын таныт елге.

Сол ғой менің әлі де өкінерім,  
Соны ғана айтсам деп отыр едім.  
Қайран досым мерт болған көз алдымда,  
Қапияда оқ тесіп көкірегін.

Көз алдымда қиылып қыршын арман,  
Ет жүрегім жаншылып, құр жылағам.  
Төңіректі сел етіп қара жаңбыр,  
Меніменен қосылып түн жылаған.

Өткен өмір айналып өз алдына,  
Тіршіліктің жүрміз ғой базарында.  
Төрге жұртым шығарса мені бүгін,  
Қайран досым тұрады көз алдымда.

## ШЕПТІ БҰЗҒАН СЕМСЕРІМ

*Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері,  
қарт майдангер Әбдірахман Ербосыновқа.*

Ерлік жолың еліңе аян, ұлға аңыз,  
Азаттықтың айғағындай тұлғаңыз.  
Сыздатады әлі күнге кеудеңді,  
Соғыс жылдың сұрапылы салған із.

Заманақыр осы екен ғой жердегі,  
Қан майданда қан мен терің селдеді.  
Құтырған жау кеш ұғынды, алапат,  
Күш – қуаттың құдіретін сендегі.

Намысыңды қайрап алып кекпенен,  
Оққа кірдің, отқа оранып өртпенен.  
Жеңіс жолын жақындатам деп жүріп,  
Қиямет жоқ сен көтеріп өтпеген.

Беті қайтып ішке қатқан беріштің,  
Бүгін шуақ жылытқан күн жер үстін!  
Қуанышты хабар келіп майданнан,  
Көктем күні- жеткен күні Жеңістің!

Бұл мереке гүл мен десте өрілген,  
Бұл қуаныш жанардан жас төгілген.  
Бүгін-думан, Ұлы Жеңіс күні бұл,  
Ән әуелеп, күй шалқыған көңілден.

Беу,Әбеке, шепті бұзған семсерім,  
Биіктесін бүгін тойда еңсең мың.  
Мына халқың төбесіне көтеріп,  
Бас иеді ерлігіңе ел сенің!..

# ТАҒЗЫМ МЕН ТАҒЫЛЫМ

*Ұлы Отан соғысының ардагері,  
Сәтбаев қаласының құрметті азаматы  
Байбосынов Шермұхамбет ағамыздың  
« Тағзым мен Тағылым» атты  
кітабының тұсаукесеріне.*

Жауды жеңіп елге оралған ер ағам,  
Сыр шертеді жеңіс жайлы Шерағаң.  
Ет жүрегі елжіреді үзіліп,  
Мынау күнге халқы тыныш, ел аман.

Барға тағылым, жоққа жасап тағзымын,  
Айтып берді ақиқат пен аңызын.  
Ізсіз кеткен сан ғұмырды айғақтап,  
Ақтай білді ел алдында парызын.

Ертегідей өткен күннің бәрі ыстық,  
Қиын шақта қанша жылап қан іштік.  
Тауқыметте тірек болған ұлтына,  
Бабалармен, бауырлармен қауыштық.

Жүрегінің жарқыратқан жалынын,  
Талай – талай тау тұлғаны таныдым.  
Бәрі осының Шерағамыз шерткен сыр,  
Елге мұра, ұрпағына тағылым.

\*\*\*

Әлдиле жүрегімді, жақұт өлең,  
Жетеле жыр бәйгеге, шабыт дөнен.  
Құйқылжып күй көңілім, күмбір қақшы,  
Тіріде осы шығар бақыт деген.

Бар болса айтылар сыр сөзге лайық,  
Ақынға жалған қиял кезген айып.  
Мындардың жүрегіне жетсе жырым,  
Өмірден тілемеймін өзге байлық.

\* \* \*

Тұтанып тұла бойда сезім деген,  
Кезім бар қиял қуып көз ілмеген.  
Жаныммен үндес едің ескі достай,  
Домбырам, тілдесейін өзіңменен.

Кеудеме көгершін-жыр қонған бәлкім,  
Шағым бар шалқып-тасып толғанатын.  
Сен мені даусым созсам демеп жібер,  
Домбырам, жан серігім, қолқанатым.

Жасанып жатыр аунап өңір бүгін,  
Үлбіреп үздігеді көңіл гүлім.  
Күмбірлеп қосыл әнге сал, домбыра,  
Кернесін кең жайлауды қоңыр үнің.

\*\*\*

Өр даланың өңмендеп өкпегіне,  
Көз салушы ем қиырдан көктегіге.  
Жарық әлем жалт берді жанарымнан,  
Ғұмыр, шіркін, дөңгелеп өткені ме?!

Тұңғиыққа тіреліп, түпсіз ғалам,  
Тесіледі төбемнен тілсіз маған.  
Шырқырамай шығынға құлын даусым,  
Қайтіп қана, дариға, үнсіз қалам.

Көңілімді күйменен көркемдеген,  
Көкірегім сұлу ән, өңкей өлең.  
Қырдан ескен қосылып таң самалға,  
Табысарын білемін ертеңменен.

Қырдан ескен ілесіп таң самалға,  
Өлеңдерім ұшындар, ақ шағала.  
Әнді сүйер әлеумет есіне алып,  
Айта жүрсін достарым аңсағанда.

\*\*\*

Кербез дала көлбейді көңіл баурап,  
Керіледі жотаның жоны аунап.  
Тізгін сүзіп келемін теңбілкөкпен,  
Боз көделі қарсаңға омыраулап.

Жортып әрмен шығам да тепсеңнен мен,  
Қосыламын құйындап ескен желмен.  
Нартәуекел бәйгеге атам қазақ,  
Байшұбармен түссе де сескенбеген.

Тас ұшырып тұяқтың серпінімен,  
Теңбілкөгім топ жарса-еркі,білем.  
Жабыларды қайтейін Шалқасқалар,  
Санасар деп келемін екпініммен.

\*\*\*

Туа біткен сый еді,  
Қайырлы таң тұр тілеп.  
Қолдай көрсін киелі,  
Өлең атты құдірет.

Аталардан аманат,  
Аманбысың, арда жыр.  
Ұландарға-ұлағат,  
Ақындарға-арман жыр!

Есті сөзге елеңдер,  
Қазақ едік баладай.  
Көш басында кемеңгер,  
Жыр алыбы – дана Абай.

Тілек қылып тәу етер,  
Сиынарым сен едің.  
Талаптыға тәуекел,  
Тәңіріме сенемін.

Көкжиегім күлімде,  
Қанат қақсын қырандар.  
Ұлылардан бүгінде,  
Үлес алар ұлан бар.

Ақ қанат жыр-әнменен,  
Шартарапты шарлайды.  
Аталы сөз, арлы өлең,  
Абай көшін жалғайды.

## ТОЙДАҒЫ КӨҢІЛ

Думаны шалқып от өрген,  
Дүние мынау жарқын ән.  
Құрметтеп көкке көтерген,  
Айналдым туған халқымнан.

Күлімдеп атсын таң дәйім,  
Қызық пен тойда біргемін.  
Өзіңнің арқаң, ағайын,  
Айбыным тасып жүргенім.

Төгілді тойға мейірің,  
Тамылжып әсем басталды ән.  
Сендердің аппақ пейілің,  
Жайылған мынау дастархан.

Айтылды не бір ақ тілек,  
Алдымда жатыр гүл шоғы.  
Сайлаухан ағам сәт тілеп,  
Қуаныш ақын қол соқты.

Шынболат шықты « інім » деп,  
Бір сөзі бүтін ғаламдай.  
Құшағын жайды күлімдеп,  
Батырхан досым баладай.

Шарықтап шабыт қыраным,  
Мерейім өсті менің де.  
Жанымның жайып шуағын,  
Шашылды жырым төріңе.

Жарқыра, жанған жасындай,  
Өзекті өрген өрт өлең.  
Алауым мәңгі басылмай,  
От болып маздап өтем мен.

## **АЛҒЫСЫМ БАР ӘР КҮНГЕ**

Жыр себелеп, аспанына ән тұнған,  
Азат елдің ақыны едім, талпынған.  
Менің нәзік жүрегімнің лүпілін,  
Айналайын, бағалаған халқымнан.

Өрелі елдің өрнектесем суретін,  
Өнерпаз боп, ол да менің міндетім.  
Абыройым асқақтаса алдында,  
Ей, ағайын, ол да өзіңнің құрметің.

Жақсы дәстүр жалғасуда, салт, міне,  
Алғысым бар, айтарым бар әр күнге.  
Бәрі мына өздеріңнің өмірің,  
Артық деңдер, айтқанымды, алтын де.

Өлеңіммен өрнектелді әр күнім,  
Әр күнімнің бәрі бір-бір бал шырын.  
Бақыттымын деуге менің хақым бар,  
Жүрегінде қалса жырым халқымның.

## ӨТКЕЛДЕ

Өрім едім өмір көрген көктемде,  
Қызық ғұмыр ізім қалды көк белде.  
Жайдары жаз кейін жылжып, қоңыр күз,  
Келіп қалдық 60 деген өткелге.

Шуақты жаз, 60 көктем өткердім,  
Гүлін тердім 60 ару көктемнің.  
Ақ түтегін шығарып сап Арқаның,  
60 рет қайта бірге көктедім.

Қызғалдақтың қызықтадым ажарын,  
Албырт күннің тарттым күйік-азабын.  
Шым-шытырық тіршіліктің ішінде,  
«Мың бір түннің» бастан кештім ғажабын.

60 жылым бәрі бір-бір ертегі,  
60 дастан сезім сырын шертеді.  
Жүрегімнен жарып ұшқан жыр кептер,  
Шарлап кетті «өлең» атты өлкені.

Жыр құйылған көңілден де, көктем де,  
Көрген түстей өте шықты көктем де.  
Заңғар тауды жалғастырған еңіспен,  
Келіп қалдық 60 деген өткелге.

Табар дейсің дәл осының кім емін,  
Біз де өтерміз өткелден бұл білемін.  
Тек сонау бір көкжиектен жарқ еткен,  
Жұлдызымның мәңгілігін тіледім.

\*\*\*

Заңғарға заңғар сыр ашып,  
Жаңғырып жартас жар салар.  
Биікке, биік шын ғашық,  
Таулар да тауға тамсанар.

Үздігуменен күн өтпес,  
Үмітін әсте үзбейді.  
Тұлпарға тұлпар тілектес,  
Сұңқарды сұңқар іздейді.

Сәнімен өмір бағалы,  
Сағынған шақта тіл табар.  
Жақсы мен жақсы аға- іні,  
Жұлдызға жұлдыз ынтызар.

Ғұмырға мынау қас-қағым,  
Ізгілік көрсем иланам.  
Аман боп жүрші, достарым,  
Жаныма шуақ сыйлаған.

## ШӘМІЛДІҢ КӨЗ ЖАСЫ

Атақты Адай күйге әні серік,  
Жүретін әнмен, күймен сәні келіп.  
Бір жолы опыр-топыр болып қалдық,  
Аралап біздің жаққа Шәміл келіп.

Қарсы алып ән мен күйдің ақтабанын,  
Есімде құрақ ұшып мақтанғаным.  
Шәмілдей өрендерін ардақ тұтса,  
Білемін біздің қазақ бақ табарын.

Жарылқап қас-қағымда тәңір шіркін,  
Табысар дүлдүлменен табылды күн.  
Өзі де тілек қылды қауышуға,  
Сағынып келсе керек қалың жұртын.

Десе де дауа бар ма-бұйырғанға,  
Бұл тағдыр тосты тағы сыйын алға.  
Басылды күні бойғы аптығымыз,  
Кешкілік кең сарайға жиылғанда.

Мәреге қосқанменен жабылап кіл,  
Халықсыз қошеметшіл саңылақ тұл.  
Айнала екі-үш шоғыр, он шақты жан,  
Тым-тырыс сарай іші қаңырап тұр.

Думаны ұлға-мұрат, қызыма арман,  
Келмеске кеткені ме қызық заман?!  
Тәрік еткен тәңірісін қалта толса,  
Өнерді қайте қойсын бүгінгі адам.

Еседі зал түбінен суық ызғар,  
Ән десе ел емес пе ек жүрек сыздар.  
Ән-күйдің әулиесін танымайтын,  
Кіл соқыр, қайда жүр бұл рухсыздар?!

..Қол соғып он шақты жан қара-құраң,  
Асқақ ән залды кернеп салады ұран.  
Көсіліп көз алдына жалпақ елі,  
Жатқандай қошемет қып дала бұған.  
Шәмілдің елжіретіп ет жүрегін,  
Қос тамшы құлап кетті жанарынан.

## ҚАРА СЫРНАЙ

Төрінде той-думанның аласұрмай,  
Тым-тырыс тұнжырайсың, қара сырнай.  
Құйқылжып таң атқанша тыншымаушы-ең,  
Әніңді алты қырдан әрі асырмай.

Үніңнен тамылжытып бал таматын,  
Бұлбұлы емес пе едің алты алаштың.  
Артына қайырылмас қайран дәурен,  
Шынымен өткені ме салтанатың?!

Тәнті еткен талай-талай сал-серіні,  
Жақамның емес пе едің жан серігі?  
Кернеген кең даланы күміс үнің,  
Ілесіп «Жезкиікке» ән шеруі.

Шабыттың шамшырағы шашып жалын,  
Шалқыды дариядай тасып дарын.  
Тербетіп қоңыр кешті әуеніңе,  
Жалғадың сағынышын ғашықтардың.

Нұр ойнап шуақтады жанарларға,  
Қондырдың аққуыңды ән арнаға.  
Көмкеріп көңілдерін сұлу сазбен,  
Сыйладың әннен алқа аналарға.

Таң,жұлдыз алыс қалып, таңғы шырақ,  
Тым-тырыс тұрсың бүгін жалғызсырап.  
Өтсе де нұр себелеп тас төбеден,  
Жүректі жылытпайды екен әнсіз шуақ ...

Киелі қара сырнай, қара сырнай,  
Халқыңа қасиетің дара шыңдай.  
Ел жұртың қастер тұтып қасиетінді,  
Сақтайды көздің ақ пен қарасындай.  
Жақамның жан серігі қара сырнай.

Көркейтіп көк желегін мәуелетіп,  
Жаңарар жылдар жылжып, дәурен өтіп.  
Самалдай жанға қуат әндерінді,  
Ұл-қызың айта берер әуелетіп.

## ӘНДЕРІН ТЫҢДА МАРАТТЫҢ

Сағынсаң жүрмей сағатың,  
Таусылып тыным, тағатың.  
Шөліркеп жүрген шағында,  
Әндерін тыңда Мараттың.

Сезімнің шоғы жанатын,  
Жүректі жаулап алатын.  
Құштар боп жүрген күндерде,  
Әндерін тыңда Мараттың.

Үздігіп жанар талатын,  
Үзіліп жасың таматын.  
Қамығып жүрген кездерде,  
Әндерін тыңда Мараттың.

Жаныңда жүрсе жанатың,  
Жарасып тойға баратын.  
Қарсы алып бірге кештерді,  
Әндерін тыңда Мараттың.

Шалқар ма екен шабытың,  
Дарыныңды елге таныттың.  
Мараттың әні бүгінде,  
Әні боп кетті халықтың.

## ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛЫ ЕДІҢ

Бұл жалғанға не дерсің, мына қысқа,  
Өтіп кетті өмірден Қуаныш та.  
Қаламының қарымын халқы танып,  
Кемел шағы жігіттің туған тұста.

Ұлытауды ұлтымның ұраны деп,  
Жырға қосып жүруші ең қыранын тек.  
Қарт Ұлытау қайғыдан теңселіп тұр,  
Қайда кетіп барасың ұланым деп.

Көне жартас қайысып күңіренді,  
Өшкен күнге ілесіп іңір енді.  
«Ұлытауым» деп тер төккен ұлын жоқтап,  
Кәрі шыңның жотасы бүгіледі.

Аты әйгілі, арыстай бабаларым,  
Бабаларым, кемеңгер даналарым.  
Желеп-жебеп жәннатта жатқан болар,  
Бақи жаққа бәз кешкен балаларын.

Қия тасы өкшенді тілімдесе,  
Мәз болушы ең сәбидей күні кеше.  
Кіндік кескен Ырғызың қызғанбайтын,  
Қарт Ұлытау елжіреп ұлым десе.

Ақын туса сөзі алтын, ақылы шың,  
Тусын ұқсап өзіңе ақыры шын.  
Ұлытаудай есімің бәріне ортақ,  
Барша қазақ елінің ақынысың.

## ҰЛАР ҚҰС

Ұлар, ұлар, ұлар құс- Ұлытаудың ажары,  
Туған жердің, дариға, өзің екен базары.

Қайырмасы:

Қонбайсың ба қияға,  
Оралдың ба ұяңа.  
Ай да, күн де көріксіз,  
Өтті дәурен өзіңсіз,  
Өтті дәурен өзіңсіз,  
Өтті дәурен өзіңсіз.

Ұлар, ұлар, ұлар құс- Ұлытаудың еркесі,  
Ұмыттырмай, еркем-ау, бір көрініп кетсеңші.

Қайырмасы:

Ұлар, ұлар, ұлар құс, табылды ма сыңарың,  
Алыстадың арман құс, айтылмады сырларым.

Қайырмасы:

Ұлар, ұлар, ұлар құс, ұмытылмас ән едің,  
Ұлытаудың көгінде қиялым боп қал менің.

Қайырмасы.

## АРУ ҚЫЗ СЫРЫН ШЕРТКЕНДЕ

Әні де, өзі ерке еді,  
Өзекті оттай өртеді.  
Тотыдай тоқсан таранып,  
Ару қыз сырын шертеді.

Ару қыз сырын шерткенде,  
Жан бітіп мынау көктемге.  
Шығады сеуіп жұпарын,  
Қызғалдақ өріп көк белге.

Жан бітіп жасыл жалғанға,  
Жағалай думан бар маңда.  
Көкжиек қолын созады,  
Арманды жалғап арманға.

Лебізі-дауа, дәру бал,  
Жадырап жаның сауығар.  
Жүректің сыйлап шуағын,  
Шертеді сырын арулар.

## КҮНСҰЛУ

Райхан гүлге, таң сәріде ашылған,  
Құштар едім сонау бала жасымнан.  
Күміс арай ақшуаққа малынып,  
Әлдилейтін армандай бір асыл ән.

Таныс бейне, таныс сурет, таныс ән,  
Тағы бүгін тамсандырды тосыннан.  
Әсем гүлдей бір ару қыз жолығып,  
Шыр айналып шыға алмадым қасынан.

Дидарына күн келбеті қоныпты,  
Көңіл-күйге, арман-әнге жолықты.  
Жапыраққа тұнған шықтай мөлт етіп,  
Қарағаны қандай ғана көрікті!

Жанына жат-жасандылық, қымсыну,  
Табиғаттың өзіндей пәк, шын сұлу.  
Әлем-жәлем жасанбаған әсіре,  
Қарапайым қазақ қызы-Күнсұлу.

Нұқ пайғамбар ынтық болған пейіште,  
Сен шығарсың-қордың қызы, періште.  
Күлімсіреп мойын бұрсаң сәл ғана,  
Ет жүрегім бүлк етпейтін беріш пе?

Төсін керіп бала қаздай талпынған,  
Айнымашы, осы уыз қалпыңнан.  
Қылығыңнан айналасың, көріктім,  
Бұрымыңнан, саумал исі аңқыған...

## КӨЗДЕР

Көздерде бар- аңғырттығы баланың,  
Көздерде бар- мейірімі ананың.  
Көздерде бар- әкенің кең пейілі,  
Көздерде бар- жомарттығы даланың.

Көздерде бар- ұшқындары дарынның,  
Көздерде бар- махаббаты жарыңның.  
Көздерде бар- сұлулығы жаныңның,  
Көзде тұрар тазалығы арыңның!

## СЕНДЕГІ СЕЗІМ

Қалмады дәрменім,  
Қарманып әуремін.  
Айдыны тартылған,  
Аралдай халдемін.

Төрінде ордамның,  
Тұралап сорладым.  
Шерменде жүрегім,  
Шертеді шерлі әнін.

Селдетіп нөсерін,  
Көзімнен көшер күн...  
Қатерден тек сенің,  
Қайтпады меселің.

Мәпелеп балаша,  
Әлпештеп анаша.  
Қас қақпай тұрдың сен,  
Дертіме араша.

Жаныңмен, арыңмен,  
Барыңмен, балыңмен.  
Дәріңмен, дәміңмен,  
Нәріңмен, бәрімен.

Періштем сен бе едің?  
Шырағым сөнбеді.  
Қуаты, шығар, сол  
Сезімнің сендегі.

# СӨНДІРМЕ СЕЗІМ ЖАЛЫНЫН

*Е.К.Жабagenоваға*

Сезімің ерке самалдай  
Көңілің кәусар – гүл көктем.  
Жүрегің жайсаң жұмақтай,  
Лебізің майда жібектен.

Тамсантқан таңды көркіңе,  
Аспаннан түскен арайсың.  
Жанымды нұрға бөлеген,  
Жайдары жүзбен қарайсың.

Үміттің отын жақтырған,  
Аяулы әндей дәруің.  
Арманға қанат қақтырған,  
Арқаның көрдім аруын...

Еңбегі елге еленген,  
Ерлікке балап әр күнін.  
Көтере білген керім ең,  
Нәзік те болса нар жүгін.

Базарлы шағың өтеліп,  
Басында жүрдің әр істің,  
Байрағын биік көтеріп,  
Парасат пенен намыстың.

Пейішке біткен жұлдыздай,  
Сөндірмей сезім жарқылын.  
Жүре бер жайнап құндыздай,  
Аяулы қызы халқымның.

## АРҚАНЫҢ АРУ КӨКТЕМІ

Жұпарың желпіп өтпеді,  
Селдетіп нөсер төкпеді.  
Кешігіп келдің, қайтейін,  
Арқаның ару көктемі.

Қиялым едің көктегі,  
Құшағыңды ашып, өп мені.  
Сағынып жеткен шуағым,  
Арқаның ару көктемі.

Құлпырып қырдың бөктері,  
Көктеді дала, көктеді.  
Жанымды нұрға бөлей бер,  
Арқаның ару көктемі.

Әурелей көрме тек мені,  
Бір күндік сәуле өтпелі.  
Базарым болғай мәңгілік,  
Арқаның ару көктемі!

## КҮЗ КӨҢІЛ

Күлім қағып көшеде тұр сұлу күз,  
Сұлу күзде жолықты бір сұлу қыз.  
Жарқ-жұрқ етіп жанары, жайраң қағып,  
Күннен түсе қалғандай Күнсұлу қыз.

Күн шуаққа малынып тұр сұлу күз,  
Күлім қағып қарайды Күнсұлу қыз.  
Мың бір түндей ғажайып қиял кешкен,  
Қызық күнім басталды бір тынымсыз.

Күз аяғы көк нөсер, күн жылусыз,  
Қара жаңбыр себелеп тұр тынымсыз.  
Қанша үңіліп қарасам төңірекке,  
Көрінбейді кешегі Күнсұлу қыз.

Сұлу күздің көрікті күйі қалып,  
Қалтыраған түсіндім түрін анық.  
Күншуаққа қараймын Күнсұлу қыз,  
Күннен шыға келердей күлім қағып.

## АҚ ӘЖЕМНІҢ ӘНІ

Күн бе екен, ай ма екен,  
Бүлдіршінім қайда екен  
Қаз қаз басып келе ғой,  
Тәй-тәй, бөпем, тәй бөпем.

Желкілдесе желегің,  
Еркелесін дегенім.  
Күлім қаққан көзіңнен,  
Үмітімді көремін.

Балдайсың-ау балдайсың,  
Балапаннан аумайсың.  
Құлдыраңдап күн ұзақ,  
Қасымнан бір қалмайсың.

Маңдайыңнан қақпадым,  
Балапандай баптадым.  
Айналайын әппағым,  
Әппағым-ау, әппағым!

Қуанышым, құлыным,  
Қандай тәтті қылығың.  
Шолжың қағып әжеңнің,  
Ала берме тынымын.

## КЕЛІНІМ

Бүгін думан, шаңырағым шат менің,  
Көптен күткен қуанышты сәттемін.  
Жұбын тауып ұлым бүгін өмірлік,  
Қолымызға келіп түсті ақ келін.

Қонды келіп қолымызға ақ келін,  
Түс көргендей таңғажайып сәттемін.  
Үйдің іші нұрға толып кеткендей,  
Ақ келінім сен не деген тәтті едің!

Елжіреттің жүрегімді, қарағым,  
Қыдыр колдап, құтты болсын қадамың!  
Босағадан «бисмиләһи» деп атта,  
Ақ жолымен атам менен анамның

Ұлымыздың лайықты жары бол,  
Ризық пен несібең бар әлі мол.  
Ордамыздың отын жағып лаулатып,  
Әулетімнің ажары мен сәні бол!

## ҰЛЫМА

Жан балам жанға қуат амандығың,  
Сепкендей сен бар жерге ғалам нұрын.  
Мың тәубе жігіт болып жүргеніңе,  
Сонда да әкең байғұс алаң бүгін.

Күшің бар, қуатың мол, бар тұрағың,  
Бойыңда қанмен сіңген бар құнарың.  
Он екі мүшең түгел, ойың кемел,  
Мен саған өзге немді қалдырамын.

Мен саған не бере алам, не беремін,  
Көркейіп, қайтсем көктеп көгеремін?!  
Қандай мұра қалдырам еншісіне,  
Келешек немеремнің, шөберемнің.

Өбектеп отырғанмен ай-күнім деп,  
Тағдыр үкім қылады қай күні кеп.  
Не беремін мен саған не беремін,  
Қалдырар қазынам мен байлығым жоқ.

Жан балам қарасыным, қарашығым,  
Тіледім өміріңнің жарасымын.  
Бар болса не қасиет өз бойымда,  
Беріп кетсем деп едім бар асылын.

Бойымда кәдеге асар барым болса,  
Барым болса сусындар, нәрім болса.  
Тек өзіңе тапсырып аманат қып,  
Беріп кетсем деп едім бәрін қоса.

Дос дұшпан бөркін шешіп бас иетін,  
Сай болсын жігітке тән қасиетің.  
Ердің жүгін екі етпей көтере біл,  
Міне, сол саған айтар өсиетім.

Сайлайды сайқал ғұмыр қақпанын мың,  
Көлгерсіген көп сөзден сақтан, ұлым.  
Дүниенің шегіне жеткен жан жоқ,  
Шапағатын көре біл тапқаныңның.

Жаныңа жақын жүрсін жамағатың,  
Қастерлеп биік ұста қазақ атын.  
Қасиет, қадіріңе риза боп,  
Деп жүрсін елің-жұртың «азаматым».

## САҒЫНЫШ

Сағындым бауыр құшағын,  
Жолыма қарап, тос,аға.  
Аман ба құтты ошағың,  
Аман ба алтын босаға?

Төбенді көріп еңселі,  
Бір жасап қалдым жадырап.  
Сағынып келдім мен сені,  
Армысың, ата шаңырақ!

Көзіңде жас тұр мөлдіреп,  
Жеңеше, сенің, сеземін.  
Қуанса жылар елжіреп,  
Анамнан қалған көз едің.

Ойынға ұлдар тойды ма,  
Шақыршы үйге ертерек.  
Секірсін мініп мойныма,  
Естері шығып еркелеп.

Отаудан сауқат әкелдім,  
Татыңдар дәмнен, ағайын.  
Орнына аунап әкемнің,  
Ортаңда біраз жатайын.

\*\*\*

*Біздің, Григорий Гаврилович  
Савчукпен достығымыз сонау  
елуінші жылдардан басталады.  
Талай қызықты да, қиыншылықты  
да бірге көрдік. Отбасы, үй  
ішімізбен араласып туыстай болып  
кеткенбіз. Ол өзі аса сабырлы,  
пейілі кең, сөз бен іске берік,  
достыққа адал жан.*

*Еңбек ардагері Сатыпалды  
Ескеновтың естелігінен*

Сыйластықпен өтіп жатыр әр күнім,  
Қатар жүріп нарқын ұқтым алтынның.  
Жаны жайсаң жандарға тән ғажайып,  
Ізгілік пен ілтипатқа тәнтімін.

Шалғайына шаң тигізбес шындықтың,  
Шырайынан салиқалы сыр ұқтым.  
Ақиқаттың ақ жолынан адаспай,  
Ыстық, суық тағдырыма шынықтым.

Көшін көрдім қошеметшіл мырзаның,  
Ақ пейілдің араладым гүлзарын.  
Бар-жоғыма, бақытыма тілектес,  
Жанашыр мен жамағатқа ырзамын.

Төрін берді топ ішінен достарым,  
Достар-менің мәңгі жыр мен дастаным.  
Достар менің мақтанышым, асқарым,  
Достар барда биік менің аспаным.

## **БІЗ ЕКЕУМІЗ**

*Досым Әбсаматқа*

Біз екеуміз, біз екеуміз біргеміз,  
Қанат қақтық келешекке бірге біз.  
Қорғасынның көшелерін бойлаған,  
Сайрап жатыр сен екеуміз жүрген із.

Бал дәуренді базарладық бірге біз.  
Бала жастан біз екеуміз біргеміз,  
Ауыл ішін әрі-бері жол қылып,  
Құлын-тайдай асыр салып жүргенбіз.

Шалқар еді арманымыз теңіздей,  
Оттай жандық, жасық екен дегізбей.  
Үлкен өмір сапарына жұп жазбай,  
Қол ұстасып бірге атандық егіздей.

Бірге еді сырымыз да, жырымыз,  
Бірімізсіз жүре алмаушы ек біріміз.  
Ең арғысы екеуміздің таңдаған,  
Бірдей болып шығатұғын гүліміз.

Дауа бар ма тағдыр деген шіркінге,  
Өмір жүйткіп өте шықты ілкімде.  
Күйбеңімен тірлік пенен тұрмыстың,  
Кеп қалыппыз жер ортаға бұл күнде.

Хан сарайдай, еңселі үй-жай қандай!  
Қарсы алдыңнан жұмақ төрін жайғандай.  
Отын үрлеп шаңырақтың шалқытып,  
Үрдің қызы жаныңда отыр ай маңдай.

Қанат қақты қарлығаштай ұл-қызың,  
Жарсады шуақ тарап нұр жүзің.  
Мен де сенің бақытыңа марқайып,  
Зеңгір көкте шарықтап жүр жұлдызым.

Тату-тәтті ғұмыр кештік бірге біз,  
Біз екеуміз мәңгі-бақи біргеміз.  
Достығымыз осылайша жалғасып,  
Ажырамас деп тілеймін іргеміз.

## ӨМІР СЫЙЫ

*Екі жақсы қосылса,  
Бірін-бірі сыйлайды....  
(Халық әнінен)*

Өрмелеп сан белеске шығамын деп,  
Өмірге қадам басқан ұғамын деп.  
Мектепте шәкірт едік өрімталдай,  
Сара тәтей келгенде мұғалім боп.

Алабұртып ару көрсек алаң болып,  
Ақыл кіріп қалған кез, адам болып.  
Агроном ағамыз Әмірәлі,  
Ауылға оралғанда маман болып.

Бәрі де өткен күннің үлесінде,  
Күндерді күндер қуып ілесуде.  
Ұзамай тәтеміз бен Әбекеңнің,  
Жұп құрып, жолығысқан күні есімде.

Жарқырап жарқын жылдар төкті нұрын,  
Таң шуақ қырдың қызыл өпті гүлін.  
Бүгінде өркен жайған үлкен әулет,  
Танытып отыр елге тектілігін.

Тұрарлық, сүйсінуге, сүйінуге,  
Өмірдің өзі тартқан сыйы, міне.  
Ғажайып ғұмырларың құтты болсын,  
Жетпістің шығыпсыздар биігіне!

## КЕНШІМІН

Ежелден елім біліп еншілеген,  
Киелі кәсіп еді кенші деген.  
Жеті қат жер астына желі тартып,  
Қайла ұрып қара тасқа өршеленген.

Киелі кәсіп екен кенші деген,  
Кенші боп мен де мұра еншілегем.  
Қазына қара таста дегеннен соң,  
Көңілім тау құлатпай көншімеген.

Жаңқалап жартастарды шөктіргенмін,  
Көгендеп құздан өріп көк тіредім.  
Қаймағы қара тастың ақтарылып,  
Жарқырап жер астына төкті лебін.

Тілеулес досқа мұра, жасқа мұра,  
Ақиқат бар қазына таста мына.  
Бір мысқал кен құлатсам қуанамын,  
Кенші боп абыройым асқанына.

## ЗАБОЙДАҒЫ СУРЕТ

Көргенде кен құлатқан кеншілерді,  
Қуанып ет-жүрегім елжіреді.  
Сынаптай жарқылдаған сары мыстан,  
Шұбырып табан асты сел жүреді.

Телегей мыс айдынды бойлап барып,  
Билейді болат сүңгі ойнақ салып.  
Жер асты ғаламының ғажайыбын,  
Жатқандай кенжар іші тойлап анық.

Кім үздік, кен құлатқан намысты кім?  
Кеншілер ұмытпайды Қаныш ғұрпын.  
Ұлының ұлағатын мұра тұтып,  
Қолынан түсірмейді табыс кілтін.

Екпіні естілгендей ғарышқа да,  
Жүйіткіді жез керуен алыстарға.  
Әне бір электр шам сәулесінен,  
Тұрғандай күле қарап Қаныш аға...

## ПОРТРЕТ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Қолына алып жаңа әкелген тастарын,  
Үңіледі зейін қойып жас ғалым.  
Жанарының нұрын төге зерттейді,  
Көрсем-ау, деп құпиясын, астарын.

Бәрі ұмыт қап осы тастан басқаның,  
Қызықтайды қызғылт сәуле шашқанын.  
Зерек көңіл сезіп отыр мүлт кетпей,  
Тағы да бір кен ошағын ашқанын.

Сол қуаныш жадыратып жас жанын,  
Күлімдейді керіп қана қастарын.  
Ел парызын қыран көңілі көтеріп,  
Аралап жүр туған жердің аспанын.

## ҚАЗАҚМЫС

Бақытым, байлығым даламда,  
Құт қонған ежелден қазақпыз.  
Атымды әйгілеп ғаламға,  
Даңқымды шығарды «Қазақмыс».

Жылытып шұғыла-жалыны,  
Нұр өріп төсінен, кен өнген.  
«Қазақмыс» - Арқаның алыбы,  
Қойнауы қазына тірелген.

Тер төккен тасына ұлы аға,  
Бұл өлке қашаннан киелі.  
«Қазақмыс» - бұл Қаныш ғұлама,  
«Қазақмыс» - бұл Қаныш түлегі.

Қуансам ағайын тақпа айып,  
Шындықтан кезім жоқ көз жазған.  
«Қазақмыс» - бұл біздің Сәтбаев,  
«Қазақмыс» - жаңарған Жезқазған.

Мекенім өзіңсің мақтанар,  
Туған жер көркіңнен айналам.  
Кең сарай-тізілген шахталар,  
Сары мыс сақырлап қайнаған.

Шалқыған жаһанға байлығы,  
Өскенін еңсемнің көрсін ел.  
«Қазақмыс» - мысшылар әйгілі,  
«Қазақмыс» - қаһарман кеншілер.

Көк тіреп тәкаппар мұржасы,  
Қарасам қоймайды тамсантай.  
Дәуірдің көне көз құрдасы,  
«Қазақмыс»-бұл сонау Қарсақпай.

Дәріптеп ғаламға аттарын,  
Бәрін де тарихым бағалар.  
«Қазақмыс» кемеңгер қарттарым,  
«Қазақмыс» - ардагер ағалар.

Жұлдызы жанады өлкемнің,  
Жетелеп қияға жол алшақ.  
«Қазақмыс» - ғажайып ертеңім,  
«Қазақмыс» - бақытты болашақ.

# КЕНДІ ӨЛКЕНІҢ ҚЫРАНЫ

*Р.Б.Юнге*

## 1. Ұрпақ үні

Туған өлке, мен өзіңнің ұлыңмын,  
Шомылдырдың шуағына нұрыңның.  
Көк майсаңда күндз-түні шапқылап,  
Жұпарыңнан жұтушы едім гүліңнің.

Сенде тудым, сенен ғана жаралдым,  
Топырағыңнан шырын жұтып нәр алдым.  
Сенің шексіз жазираңда ер жетіп,  
Сырын ұқтым мына шалқар ғаламның.

Шыбығың ем шалғыныңда тербелген,  
Терек болдым күн қақтаған, жел көрген.  
Еркең едім маңдайымнан сипаған,  
Жігіт болдым тізгін ұстап, ел көрген.

Кейін қалып кешегі албырт шақтарым,  
Міне, бүгін ел ағасы шақтамын.  
Перзенттік парызымды алдыңда,  
О, туған жер, қайтсем ғана ақтармын?!

Шыға білсем сеніміңнен дәреже,  
Үмітім бар менің де үлкен мәреде.  
Еңбек етіп, елім үшін тер төгіп,  
Арманым жоқ жарай алсам кәдеңе.

## 2. Самғау

Туған жері тірегі,  
Жүрегінде-ұлы елі,  
Қанат қақты қияға,  
кенді өлкенің түлегі.  
Ардақ тұтқан арысын,  
ізін жалғап Қаныштың,  
Ажырамас ұлы еді,  
ел-жұртымен тілегі.  
Ынтықтырып ғаламға,  
үкілеген үміт нұр,  
Кемеңгер шақ, кемел ой,  
келбетінде тұнып тұр.  
Ақылға сай дарыны,  
тау жыққандай арыны.  
Арыстаны ішінде,  
арпалысқан жігіт бұл.

Найза шындар, нар таулар,  
жігер отын қамшылап,  
Алдан тосып алады,  
«арман» атты шамшырақ.  
Бір биіктен, бір биік,  
заңғарларға шақырып,  
Қолын бұлғап тұрғаны,  
бақыт деген бал-шуақ.

Өз Отаны, өз елі,  
өмірінің өзегі,  
Алтын бесік-туған жер,  
берекеңнің көзі еді.  
Кен дария, жез мұхит –  
ризығы халықтың,  
Шалқы, шалқы, сарқылмас  
ырыс байлық өзені.

Айғағы боп алаштың,  
асқақтай бер ұраны,  
Кемеңгер ұл құлшынып,  
көшін бастап жүр әні.  
Жарқырасын азат күн,  
бақытына қазақтың.  
Самға-самға сен-дағы,  
кенді өлкенің қыраны.

### 3. Ата аманаты

Бет түзедің белеске, елім, бүгін,  
Ұрпақтарым, сендерге сенімдімін.  
Құдай деген қашаннан қазақ едім,  
Жеткені де тәңірге менің де үнім.

Тілеуқор боп алдында тұрам дара,  
Өздеріңе аманат ұлан дала.  
Мынау байтақ кең өлке, құзар шыңдар,  
Қалықтаған көгінде қыран ғана!

Қиын-қиын,білемін,жол жатқанын,  
Дәстүрінді ешкімге қорлатпағын.  
Елім, жұртым дегенің анық болса,  
Ердің жүгін арқала ортақ бәрің.

Салтың сақтап сыйласып жүргейсіңдер,  
Көппен ғана көгеріп,гүлдейсіңдер.  
Абзал жүрек, ақ ниет, азаматым,  
Отан – ана алдында бірдейсіңдер.

Құлқын үшін көрсетпе тірлігіңді,  
Қастерлендер шат ғұмыр, нұрлы күнді.  
Түгендемей түр-түсің, нәсіліңді,  
Бір кісідей сақтай біл бірлігіңді.

Жұлдыз жанса жарқырап оты жалын,  
Мың тәубе ғып тәңірге отырмын.  
Пәле-жала, жаманат, жат пиғылдан,  
Сақта,кұдай, қазақтың топырағын.

#### 4. Жез мұхиттың желкені

Өткіздік қой талай- талай қиынды,  
Талай нөсер төбемізге түйілді,  
Жапырылып не бір емен иілді.  
Жалыны өшіп не бір үміт қиылды.  
Жол таба алмай өндіріске тиімді,  
Не бір мықты шерменде боп күйінді.  
Алшы түскен сақасындай құлжаның,  
Сонда көрдік көш бастаған Юнді.

Қалт кетпейді, халық сөзі сыйымды,  
Риза боп Юнге ел сүйінді.  
Тік тұрғызып суға кеткен кемеңі,  
«Қазақмысты» жолға салды тиімді.  
Жез мұхиттың даңқы тарап жер-көкке,  
Желкен жайып шарлап кетті қиырды.

Тағдыр өзі жаратқан өзі соң ірі қып,  
Жараса ма оған өзге тірілік.  
Ұлы көшке кішісі де үн қосып,  
Жалғастырды өз үлесін інілік.

Мысты өлкенің, міне, дерлік мақтаны,  
Аға-іні ел сенімін ақтады.  
Жұлдыздары жұбын жазбай көкке өрлеп,  
Жайсаң елдің жарқырасын ақ таңы.

## ФАРИЗАҒА

Шұғыласын себелейді сері күн,  
Ізет-құрмет, қонақ кәде-серігім.  
Құтты келдің кенді өлкеге лайым,  
Төрле, төрле, ақын қызы елімнің.

Дәстүріне бабалардың қанықпыз,  
Ата қазақ әулетіміз анық біз.  
Шахталарда жақұт терген жалықпай,  
Жырға құмар кенші деген халықпыз.

Құрыш қуат, жаны жалын от өрген,  
Бақытымыз маңдай термен өтелген.  
Кенші деген ел боламыз сауыққой,  
Ақындарын аспанына көтерген.

Сырлы ғалам, сұлу өлке жыр елі,  
Ақындармен бірге кенші жүрегі.  
Шын ақынға шахтыда да тілектес,  
Кен құлатқан кенді өлкенің түлегі.

Төрін берген тектісіне халқымыз,  
Жақсы дәстүр, жалғасады салтымыз.  
Әлпештеген дара қызы елімнің,  
Дарының мен қайратыңа тәнтіміз.

## КЕНШІЛЕР ТОЙЫ

Тамсансам таңдайымда балдай шырын,  
Қанша айтып ғажабыңа қанбай жүрмін.  
Төрге шық, жоғарыла ағаларым,  
Халқымның арқалаған таудай жүгін.

Қуанып күлімдесін ғарышта күн,  
Келіңдер арыстарым, таныстарым.  
Жиылған мына тойға қонақтардың,  
Өзі бастап жүргендей Қаныш бәрін.

Күй шалқып, думан қызып ән тынбайтын,  
Дәстүрлі салтанатым, салтым айқын.  
Тойларың құтты болсын кенші қауым,  
Құлшынып топқа түссе тартынбайтын.

Шоқ болып шабытыма түсті жалын,  
От өріп өздеріңді құшты жаным.  
Қайнатқан қазандығын қазағымның,  
Тойларың тойға ұлассын мысшыларым!

Меселін келгендердің қайтармандар,  
Бұл тойда бәріңе де айтар ән бар.  
Кешегі комбинаттың озаттары,  
Бүгінгі көш бастаған майталмандар.

Ой пәлі-ай! Е, дариға! Шіркін-десіп,  
Жарқ етер бір күн өтіп, бір күн жетіп.  
Жамағат не де болса мына тойды,  
Кел,кәне, өткізейік дүркіретіп!

Жарқырап күлімдесін ғарышта күн,  
Келіндер арыстарым, таныстарым.  
Жиылған үлкен-кіші қонақтардың,  
Өзі бастап жүргендей Қаныш бәрін.

Халықтың бірін сұрап, бірін танып,  
Бәрінің пайымдайды сырын бағып.  
Ұлы аға «Қазақмыстың» қадамына,  
Тілек қосып тұрғандай күлім қағып.

## САҒЫНЫШ

*Еңбек ері Д.Баймағанбетовке*

Тау құлатып талай – талай кен берген,  
Талай жүлде топты жарып, өңгерген.  
Ерлік жолын шежіре етіп шертеді,  
Елге әйгілі кенші ағамыз Демберген.

Алтын белгі, кеудесінде жұлдызы,  
Айналасы, мәре – сәре, ұл – қызы.  
Кенші болып бәрі соның өзіндей,  
Әке жолын жалғастырып жүр ізгі.

Көкірегі шұғылалы жарық күн,  
Батыр аға қартайған жоқ әлі тың.  
Жас жігіттей жайраң қағып жүргені,  
Құрметінен қуат алып халықтың.

Шын қуанса шахта жайы-айтары,  
Елі – жұрты, аман болсын байтағы.  
Сағындым деп шахтерлермен қауышып,  
Кеніштерді күнде аралап қайтады

## СЫР АЙТАМЫН

Рысдәулет, Рысдәулет!  
Жүруші едім жігіттің ірісі-ау деп.  
Ірілігі мақтаныш дәл өзіңдей,  
Жарасар деп қазаққа дұрыс әулет.

Жетелеген арманын биіктерге,  
Өзіңдей ұл тіледім сүйікті елге.  
Азаматқа лайық ар-намысы,  
Жігері бар лайық жігіттерге.

Қадір тұтқан халқының қасиетін,  
Тең бөліскен тағдырын, тақсіретін.  
Тектілерін көтеріп төбесіне,  
Үлкеніне иіліп, бас иетін.

Көңілімде көп үміт көшіп жүрген,  
Мен осылай күн сайын өсіп жүргем.  
Айды аспанға шығарып әлдеқашан,  
Ойша қиял өзімше кешіп жүргем.

Ақиқатпен амал не таласарлық,  
Үмітімнің көрінді бағасы анық.  
Аспан құлап түскендей аяғыма,  
Қас-қағымда отырмын аласарып.

Ұлағат пен ізгілік тайған кезде,  
Туа қойсын тәуір күн қайдан өзге.  
Әлі талай түсерміз көрге тірі,  
Өсекпенен өртеніп майда сөзге.

Рысдәулет, Рысдәулет,!  
Аман болсын лайым ұлыс-әулет.  
Сенгеннен соң өзіңе шын көңілмен,  
Сырымда айттым жігіттің ірісі-ау деп.  
Ынтымағы жарасса қазағымның,  
Қыдыр қонып, шалқиды ырыс, дәулет.  
Рысдәулет!....

## ЖАНПЕЙСОВ КӨШЕСІНДЕ ТОЙ БҮГІН

Елі риза, ұрпағы мен шат ұлан,  
Шалқып тасып кемерінен жатыр ән.  
Жанпейісов көшесінде той бүгін,  
Қара мысын Қарсақпайдың сапырған.

Қара мыстың ақтарылып айдыны,  
Талай алған топты жарып бәйгені.  
Көшесі бұл мыс қазанын қайнатқан,  
Мысшы ағамыз Қозыкеннің әйгілі.

Айғақ етіп еңбегі мен ерлігін,  
Жыр нөсерін себелетер келді күн.  
Есіндесің ел-жұртыңның жан аға,  
Жүрегімнің төріндесің сен бүгін.

Жұмыр жердің нұрға малып ой-қырын,  
Жомарт ғалам қызығына тойдырдың.  
Ей, ағайын, қуанышқа келіңдер,  
Жанпейісов көшесінде той бүгін.

## КЕНДІ ӨЛКЕНІҢ ЖАСАЙ БЕР ШЕЖІРЕСІН

Жарқыратып шабыт жыр ақ қанатын,  
Шалқып қалар шақ бүгін, шаттанатын.  
«Шарайнадай» шамшырақ газетіңе,  
Шын қуанып мақтансаң, мақтан, ақын.

Шартарапқа шарықтап асқақ үнің,  
Қаламдастар, жаңа жыр баста бүгін.  
Жайнай түссін жарқырап «Шарайнамыз»,  
Оқырманмен табысып дастаны мың.

Жақсы тілек жалғасып, дара дәстүр,  
Жазылмаған қалмасын қаламда сыр.  
Әрбір саның айбынды күшке айналып,  
Шабыт қоссын шабытқа жаңа ғасыр.

Әр лебізің жол тауып жүрегіне,  
Күлкі ойнасын кеншінің реңіне.  
Толағайдай тау жыққан ерлерімнің,  
Абыройын айғақтап жүр еліме.

Естіген ел үніңді елжіресін,  
Тынысыңды достарың сезінер шын.  
Кеншілердің жанашыр жаршысы боп,  
Кенді өлкенің жасай бер шежіресін.

## ҰРПАҚҚА СЫР

Шежіреге, құлағың сал, кел балам,  
Мынау менің туған өлкем-кең далам.  
Арғы бабам Әлімсақтан тараған,  
Қарға тамыр қазақ деген ел болам.

Айғақ әлем, куә ғасыр, жарық күн,  
Қазақ деген қасиетті халықпын.  
Аманатын аталардың мирас қып,  
Ұлағатын ұрпағыма дарыттым.

Сонау белде жел тоздырып көнерген,  
Басқан ізін бабалардың көрем мен.  
Жерұйық деп осы жерге қос тігіп,  
Асан атаң желмаясын шөгерген.

Кең әлемге қасиетін ұқтырып,  
Қыр мен дала думандайды құт кіріп.  
Құйқылжытқан Қорқыт баба қобызын,  
Қуаныштан жанарына шық тұнып.

Мәре-сәре, шұрқырасып жер-көкпен,  
Көне жартас ұйқысынан селт еткен.  
Ағыл-тегіл ақтарылып жұртына,  
Бұқар баба жыр нөсерін селдеткен.

Қыдыр дарып, ырыс өріп, бақ қонған,  
Бұл далада, міне, осындай шақ болған.  
Ұл менен қыз ұран етіп сақтады,  
Ұлыс жерін сұғанақ көз, жат қолдан.

Еркін халық, іргелі ел, бөлек үй,  
Оңай үлес, тегін олжа, деме сый.  
Соның бәрі салып кеткен сара жол,  
Әйтеке би, Қазыбек би, Төле би.

Үмітке үміт, ойға қанат жалғанар,  
Үлкен жолда әлі талай арман бар.  
Талай арыс жанын қиып сол үшін,  
Талай-талай терін төккен тарландар.

Кенесары, Ақтамберді, Абылай,  
Нар Махамбет, Шоқан, Абай, Ағыбай.  
Қарт Бөгембай, Қаракерей Қабанбай,  
Қайран қазақ даласының алыбы-ай!

Елім десем, еңсем менің өседі,  
Ұл өсірдім, қыз өсірдім көшелі.  
Мағжан, Сәкен..., қайсыбірін айтайын,  
Асылдарым- бүгінім мен кешегі.

Елдік, бірлік-ендігі айтар ұраным,  
Жаным таза, кіршік шалмай тұр арым.  
Көк байрағым желбіресін көгімде,  
Сен де ер жетіп самға биік,қыраным!

## БАТАҢДЫ БЕР

*Қазақстан Республикасы  
Парламентінің Мәжіліс  
депутаттығына кандидат  
Райымбек Аяшовтың  
сұхбатынан.  
2004 жыл, қыркүйек.*

Күңіреніп күндіз-түні «ел» деген,  
Талай-талай тарландарға сенген ем.  
Көзді жұмып тәңірідей телмірдік,  
Қызыл тілдің сиқырына зерлеген.  
Басы-ұран, соңы-уәде, өткінші,  
Сөз дегенің нөсер болды селдеген.

Өтіріктен у қалмады ішпеген,  
Өкініштен бармағымды тістегем.  
Кермек дәмін бірге татып халықпен,  
Мен де өзімше алды-артымды түстегем.  
Ар алдында ақиқатты ту етіп,  
Көрінейік сөзбен емес, іспенен.

Ақ-қараның, айырғанда реңін,  
Ауырады әлі менің жүрегім.  
Қанат қағар халқым қолдап күн туса,  
Парызымды, борышымды білемін.  
Бос сөз емес, іспен ғана көріну,  
Осы менің жалғыз ғана тілегім.

Жарқын күндер жалыныңды ала кел,  
Туған жерім, тұғырымсың, тәу етер.  
Өкініш жоқ отқа түссем сен үшін,  
Беу, ағайын, батаңды бер, тәуекел!..

## ЗАМАНБЕК

Заманыңда атанып ең Заманбек,  
Ел-жұртыңа жігіт едің бағаң көп.  
Алшаң басып, арсалаңдап жүруші ең,  
Ақиқаттан абырой бақ табам деп.

Атанып ең асқар таудай Заманбек,  
Қуанып ең «туды, міне» заман» деп.  
Бетің бар деп, жүзің бар деп қарамай,  
Қаққа бөліп қара қылды жарам деп.

Халқың үшін жүруші едің алаң боп,  
Қажет қылса ханға тура барам деп.  
Аққа қара жұқтырмаймын деуші едің,  
Жер үстінде жүрер болсам аман тек.

Үлкенге іні, қамқор едің кішіге,  
Сенімді едің жігеріңе, күшіңе.  
Қайран барма, қапылыста оқ атса,  
Бармақ бүккен Жантықтардың ісіне...

Торығандар төр мен есік арасын,  
Жаба алмайды нұрлы әлемге жаласын.  
Заманыңның тұлғасы едің сен де бір,  
Сол биікте Заманбек боп қаласың.

\*\*\*

Бағы тайса құлайды құлан жардан,  
Қара басып бел кетер тұрған нардан.  
Бұл тіршілік өмірлік емесі анық,  
Көк аспан да қалады қырандардан.

Құрбақа ойнап құланның құлағына,  
Айналдырар меншікті тұрағына.  
Қыран мен нар шыбынға тамақ болып,  
Қарға-құзғын салтанат құрады ма?

Өмір солай, қайтесің,жаратылған,  
Әлің жетіп,кімің бар, ара тұрған.  
Жақсы-жаман, қыс пен жаз, күн мен түнді,  
Жаратылыс өзімен ала туған.

\*\*\*

Түсе алмаған араша аққа дәйім,  
Тағдырыма несіне мақтанайын.  
Сонау көштің соңында не күтіп тұр,  
Жалғыз ғана ақиқат хаққа лайым.

Қайда жетіп, қай жерде тұраладың,  
Шалқып жүрген шағың мен жылағаның.  
Көрер жарық, барар жер, татар дәмің,  
Бәрі, бәрі қолында бір Алланың.

Қарамайды көркің мен кейібіңе,  
Жаратқанның шек қойма мейіріне.  
Бұл фәни мен бақидан орыныңды,  
Лайықтап береді пейіліңе.

Көрінгеннің көз салып қызылына,  
Жеткен жан жоқ жалғанның қызығына.  
Қызығың да, бұйырған несібең де,  
Тәңірінің бір ғана құзырында.

Шыбын жаны шыққанша шырқыраған,  
Қанағатсыз ғұмырдың сұрқы жаман.  
Не көрсе де табады пенде, шіркін,  
Ниеті мен өзінің құлқынынан.

## ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ БОЛА АЛСАҚ

Бұл қазаққа бақ таныс,  
Дәтке қуат дара шақ.  
Бар ғаламға мақтаныш,  
Ұлттың ұлы бола алсақ.

Халық десе қан кешіп,  
Елім десе еңірет.  
Өткен талай өрендер,  
Туған талай кемеңгер.

Ұлға ұласып өрісі,  
Бағы жанып болашақ.  
Өркенді елдің ырысы,  
Ұлттың ұлы бола алсақ!..

## ІЗІМ БАР

*1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат  
Рысқұлбековтың қалтасынан табылған  
соңғы хат.*

Шуақ шашқан мөлтек күн,  
Жылуыңа шөлдеттің.  
Талма-түсте тамұққа,  
Қайтіп қана көнбекпін?

Аңыз болған жер-көкке,  
Тамұқ деген-ертек пе?  
Қияметі қол ма екен,  
Мен сияқты тентекке.

Тентек емес, ерке едім,  
Пейіш деуші ем ертеңім.  
Бүлдіршіндей бұлғақтап,  
Өсер дегем өркенім.

Албырттығым анық-тын,  
Қасиеті халықтың.  
Халыққа да қиянат,  
Болатынын жаңа ұқтым.

Сорын көрдім жігіттің,  
Қорын көрдім ұлықтың.  
Жалтақ екен бәріне,  
Сөз ұғатын біліктім.

Қарау екен сенгенім,  
Қапас екен көнгенім.  
Өңсіз тірлік, өлі күн,  
Елдікке сын, ерге мін.

Құр жұбаныш, көңілге,  
Отсыз өмір, өмір ме?  
Еркек емес ез болсаң,  
Отыра қап еңіре.

Абырой не-әкім боп,  
Атағы не-батыр боп.  
Халық үшін от баспай,  
Жан сақтауға хақым жоқ.

Ақталды ма парызым,  
Айтар ұрпақ аңызын.  
Желтоқсанның мұзында,  
Менің басқан бар ізім.

## БАҚЫТ

Туған жердің несібе түйір дәні,  
Аста-төкті қайтемін қиырдағы.  
Ата қазақ қорғаған мына дала,  
Пешенеме о баста бұйырғаны.

Қоңыр төбе, қозы-қыр, ару аспан,  
Ақ шағыл бел, көк мұнар араласқан.  
Мұзарттарға тұс-тұстан мойын созып,  
Қиялымды қияға ала қашқан.

Жер мен көкке қойғандай алтын аптап,  
Жатыр жазық көсіліп, жатыр алқап.  
Қуаныштан көз алдым шыр айналып,  
«Ой-жайлауға» басамын отыра қап.

Шабыт барда осылай шалқып алам,  
Естігендер үнімді, тәнті маған.  
Төбем көкке тиіп тұр, төбем көкке,  
Табан астым туған жер-жарты ғалам!

## ТОБЫЛҒЫСАЙ

Тобылғысай, тобылғылы көделі,  
Қырдан құлап, бұраласың әдемі.  
Тұнық сулы, жасыл алқап, кең өлке,  
Өрісімнің, қонысымның сәні еді.

Бастау алып күміс көмей бұлақтан,  
Сылдыр қаққан сырлы үніңді ұнатқам.  
Талма-түсте табаныңа қаптатып,  
Суаруға қойымды айдап құлатқам.

Қойдың алды жылға қуып жүгіріп,  
Қозы-лақ су жұтады сіміріп.  
Отқа тойып шөліркеген саулықтар,  
Ентелейді тереңірек сұғынып.

Өңкей қозы өздерінше сап құрап,  
Секіреді жарға шығып, шапқылап.  
Енесі мен сыңарынан адасып,  
Қой шетінде маңырайды ақ лақ.

Торы жорға көне қоймай ырыққа,  
Жетелейді омыраулап тұныққа.  
Ұзын шылбыр қысқа болып жалғаймын,  
Қолымдағы қайыс баулы құрыққа.

Көкке самғап қанат қиял-қыраным,  
Көмейіме келеді бір жыр-ағын.  
Көк майсаға жата кеттім жамбастап,  
Жұпарына, жұтсам, қанбай құмарым.

## ҚОНАЛҚАДА

Адырларды аралап құжыр-құжыр,  
Сөнген күннің қыдырып қызылы жүр.  
Қызыл жейде киініп қойлы ауылға,  
Келе жатыр қонаққа қызыл іңір.

Қоныс тепкен адырдың қойнауына,  
Қарбалас кез осы кез қойлы ауылда.  
Қой қамалып қотанға, мал жайланып,  
Қоналқаға енді-енді сайлануда.

Қойшы үйінің шам жанып сәні кіріп,  
Дастарханда отырар бәрі күліп.  
Шопан жігіт әзілден жалықпайды,  
Айтқан сайын сөзінің жаны кіріп.

Дастарханға еңкейіп, дәмнен алып,  
Күрең шайдан ішкен соң әбден қанып.  
Құс жастыққа сәл ғана жантаяды,  
Тау жыққандай күндізгі дәрмен қалып.

## БАСЫНА ҚАЗАҒЫМНЫҢ БАҚ ДАРЫДЫ

Айтайын бар алашқа мақтанымды,  
Басына қазағымның бақ дарыды.  
Әйгілеп кең даланың қуанышын,  
Қарыны ақ түйенің ақтарылды.

Басына қазағымның бақ орнады,  
Ел болдық жұрт қатарлы, ақ ордалы.  
Арман қып ата-бабам ғұмыр бойы,  
Аңсаған азаттықтың таңы оралды.

Жалғасып жаңа дәуір-жарық күнім,  
Жанғаны жұлдызымның анық бүгін.  
Қияға қыран құсым қанат қағып,  
Әлемге айғақ болды халықтығым.

Көкке өрлеп көк байрағым түндігімнен,  
Келемін бақыт көріп нұрлы күннен.  
Жамағат, құтты болсын қуанышын,  
Тамсантқан бар ғаламды бірлігіңмен.

Қуанам бірлігіме, елдігіме,  
Елімнің ертеңіне, кеңдігіне.  
Құлшынып келешекке көш бастаған,  
Сенемін Елбасының ерлігіне.

Дүркіреп дүниеге таралатын,  
Қазақ боп тарихымда қалар атым.  
Халқыңды сенім артқан соңыңа ертіп,  
Бастай бер болашаққа, азаматым!..

## МЕНІҢ КҮШІМ МЫЗҒЫМАС БІРЛІГІМДЕ

Ұлымын, ұланымын Ұлы Отанның,  
Ерлік пен еркіндікті ұнатамын.  
Бас болып, барша елімнің басын қосқан,  
Мен бүгін мүшесімін «Нұр Отанның».

Өз еркім, өз жүрегім-ақылманым,  
Устав пен ережені мақұлдадым.  
Әр сөзін қуат көріп халқым деген,  
Халқыма одан сайын жақындадым.

Жігітпін жігерім бар, қуатым бар,  
Талғам мен талабым бар, мұратым бар.  
Менің күшім мызғымас бірлігімде,  
Бірігіп «Нұр Отанға» қуантыңдар!

Оралды ата салтым, ана салтым,  
Ел танып биіктеді парасатым.  
Ажырап көрген емес, көрмек те емес,  
Халқымның дәстүрінен саясатым.

Барды бар, жоғымды жоқ, жасырмадым,  
Шындық пен ақиқаттың қасындамын.  
Қым – қиғаш тоғысында ғасырлардың,  
Жарқын іс, жаңа жолдың басындамын.

Ерлік пен елдігімді танып көрдім,  
Барымды, бақытымды дәріптедім.  
Биік – биік белеске барар жолда,  
Сенерім, сүйенерім халық менің.

## АҚТАЙ БЕР ЕЛУДЕ ДЕ ЕЛ СЕНІМІН

*Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетовке*

Халқыңның желбіретіп дара туын,  
Құлшынып көш бастай бер, Қанат інім.  
Жаралған азамат ең ірілікке,  
Білемін еңбегінің жанатынын.

Жақсы мен жаңалыққа жаның құмар,  
Жігітсің, жүрегіңнің жалыны бар.  
Қазақтың бақытына туса керек,  
Өзіңдей ел бастаған дарынды ұлдар.

Толысып Толағайдай тегеурінің,  
Тынымсыз келді, міне, кемел күнің.  
Ақтай бер елуде де ел сенімін,  
Көтеріп көкжиегін келер күннің.

Төккен тер ел ырысы, халық қамы,  
Жұрт аман, мақсат, мұрат анық бәрі.  
Көгінен қазағымның күн күлімдеп,  
Құлпырып ата берсін жарық таңы.

## ӨРТ

Ысырып түн түнегін сиқыршы таң,  
Дүрлікті тыныш ғалам ұйқысынан.  
От ұшты ойда жоқта ен далада,  
Шырт еткен шалдуардың шырпысынан.

Құлдилап қыр менен ой, жыра белді,  
Құтырып соққан желге ылаң ерді.  
Күлімдеп жана ғана тұрған дүние,  
Оранып көк жалынға жүре берді.

Жаусатып жусан демей, шыбық демей,  
Барады жалмап, жайпап, іріктемей.  
Өршиді май құйғандай өңешіне,  
Аждаһа алас ұрып ырық бермей.

Өн бойын жалын шарпып, тиіп-қашып,  
Өксиді бала қайың күйік сасып.  
Үміті үзілгендей тіршіліктің,  
Тығылып суыр інге киік қашып.

Қызыл өрт. Астан-кестен дала таңы...  
Тәңірдің, қайда созар алақаны?!  
Бейшара қара торғай безектейді,  
Ұяда шырыл қағып балапаны.

Жалғыз үй жапандағы жалын құшып,  
Шу етті бала-шаға жаны шығып.  
Шатырдың төбесінен шоршып түсті,  
От шарпып есі шыққан сары мысық.

Ат үркіп, ит абалап, бота боздап,  
Тірінің тірсегіне батады азап.  
Қызыл өрт жеті ағайын жұттың бірі,  
Тілсіз жау – деген осы атам қазақ.

...Сан ғасыр сақтап келген айдан аман,  
Халқымның ырысы еді қайран далам.  
Жарты сүйем жеріне дақ түсірме,  
Абай бол, ойлан ұлым, ойлан балам....

# ЕҢ ҮЛКЕН СЫЙЛЫҚ

*Ақын Ғазиз Ештанәевқа*

Сезімнің нәзік түлеткен гүлін,  
Нөсерлеп төксін жүректен жырым.  
Шабытым барда шалқып қалайын,  
Ақынның туған күні екен бүгін.

Алдында топтың айбыным асып,  
Арнаға сыймай айдыным тасып.  
Ақынға арнап өлең оқиын,  
Жүректің жырмен жалынын басып.

Сабаға сыймай кемері кернеп,  
Тұнығын сүзіп тереңін тербеп,  
Тартайын сый ғып ақынға бүгін,  
Жырымнан жақұт, өлеңнен өрнек.

Тартуым болсын жақұт жыр менің,  
Қалтқысыз бәрін ағыт, жүрегім.  
Тойына келіп туған күнінде,  
Ақынға жырмен бақыт тіледім.

Төрінен тойдың күн-шуақ көрем,  
Шын бақыт осы, шын жұмақ деген.  
Ақындар үшін ең үлкен сый бұл,  
Жүректен шыққан бір шумақ өлең...

## ТӘТЕМІЗГЕ ТІЛЕК

*КСРО және Республика Халық ағарту ісінің үздігі,  
Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы  
Шабал Бейсенбековаға.*

Көкжиектен күлім қағып қыр күні,  
Көмейінен шырын төксе бұлбұлы.  
Самал желге саусақтарын тосатын,  
Терсақанның тербетілген бір гүлі.

Еркелеген еркесі еді елінің,  
Еліктірді заңғар аспан,сері күн.  
Арман қуып аттанып ед ауылдан,  
Ел-жұртының ақтаймын деп сенімін.

Басқа қонған бәрі соның бақ деңіз,  
Алмасуда ыстық-суық сәтте егіз.  
Еңбегінің жанғаны рас,мінеки,  
Қаламыздың төрінде отыр тәтеміз.

Алған алғыс, көрген құрмет – игілік,  
Жанын тербеп жақсы тілек сый-ғұрып  
Күлімдейді күллі әлемнің шуағын  
Жұдырықтай жүрегіне сыйғызып.

\* \* \*

Тәңіріңнің жаратқаны-ай дара қып,  
Даралығы тәтеміздің бар анық.  
Ырысына ұрпағының туғандай,  
Ізгілік пен парасаттан жаралып.

Көк теңіздей шалқып жатқан айдыны,  
Ұлағаты ұл – қызына әйгілі.  
Өмір жолы үлгі-өнеге халқына,  
Елі – жұрты сарқылмайтын байлығы.

Армандары әрмен асқан қиядан,  
Өңкей қыран ұшырыпты ұядан.  
Тау жыққандай кемеңгер ұл бір өңкей,  
Толағайдай түсе қалған қиялдан.

Шүкіршілік, ұлы аман, қызы аман,  
Жанында отыр жан серігі – Мұзағаң.  
Немерем деп, шөберем деп сонда да,  
Тәтемізді жетелейді жүз арман.

Жалғастырған, үлкен жолдың ілегін,  
Жаның жомарт жайсаң едің, білемін.  
Әулетің мен шаңырағың шалқыған,  
От басының амандығын тіледім.

## МҰЗАҒАҢ

*М.А.Ахановқа*

Парасатпен пайымдаған әр ісін,  
Қастерлеген қазағымның намысын.  
Қиянатқа қарсы тұрып тайсалмай,  
Арпалысқан ақиқат пен ар үшін.

Қиын шақта кір шалдырмай реңін,  
Серік еткен сеніміне жігерін.  
Елге төнген озбырлықтың өтіне,  
Қалқан қылып жұдырықтай жүрегін.

Ғұмыры мен өмірінің бар мәні –  
Үлгі-өнеге еңбек жолы арналы.  
Мойымайтын, мұқалмайтын Мұзағаң,  
Қаламыздың құрмет тұтқан ардағы.

\* \* \*

*Не бір дүбірдің, ән мен жырдың  
бел ортасында тойдың гүлі, думанның  
ажары Шынболат ағамыз жүруші еді.*

Беу ағайын, лайым, кінә қойма,  
Батпай тұр ішкен асым тұла-бойға.  
Күні бойы күткенім бекер болды,  
Шыныменен Шәкем жоқ мына тойда.

Босқа мәз боп тұр екем қарасынға,  
Мына топтың Шәкем жоқ арасында.  
Қанша үңіліп қарасам көрінбейді,  
Жанарымның жас тұнып шарасына.

Жұбатуға жан едім сенбейтұғын,  
Шәкем қайда, ағайын, көрмей тұрмын.  
Құба көңіл күй кешіп күпті жүрсек,  
Тыпыршиды кеудеге бермей тыным.

Кешіккені Шәкемнің айдан анық,  
Қайран қалып отырмын, қайран қалып.  
Сағындырып сәл ғана бәрімізді,  
Сахнаға шығардай жайраң қағып.

Жайраң қағып қашанғы қалпыңменен,  
Жырла, Шәке, сал-сері салтыңменен.  
Әнің мұра жұртыңа, сәнің мұра.,  
Мәңгі бірге жүреді халқыңменен.

\* \* \*

Жүрегін жарып ұшып жыр-самала,  
Шынболат ғашық болған Гүлсараға.  
Думаны екеуінің мың бір түндей,  
Жаңғырып әлі күнге жүр санада.

Жан еді өлең – жырдан от түлеткен,  
Жұлдыздай ағып өтті көк түнектен.  
Лап еткен өзінің өрт сезіміне,  
Тұтанып өзі өртеніп кетті ме екен?!

Жалыны найзағайдай жарқылдаған,  
От еді, от едің ғой, алтын ағам.  
Жырларың-жүрегінде ұрпағыңның,  
Барында елің аман, халқың аман.

## АҚЫН МҰРАЖАЙЫНДА

Іңкәр көңіл ырық бермей төзімге,  
Босап тұрмын бой алдырып сезімге.  
Мен мұндалап әр дүние, әр бұйым,  
Оттай қарып басылады көзіме.

Мына бір зат, мына қалам, мына хат,  
Шәкең ұстап, Шынкең тұтқан мұрағат.  
Мұның бәрі тірі тарих, қазына,  
Қасиеті ұрпақтарға ұлағат.

Азат елдің айғақ қосқан көшіне,  
Бәрі мұның баға жетпес несібе.  
Сырлы ғалам сырын шертіп жағалай,  
Ақын жайлы түсіреді есіме.

Шартарапқа шырқыратып шындығын  
Жырын жалғап талай дарын жүр бүгін.  
Суретінен Шәкем қоштап тұрғандай,  
...Менің-дағы топтан озса дүлдүлім,  
Жыр әлемін жарқыратып жұлдызым!

## ҚАРАЙ БЕРДІМ

Қимады ма сұлуды көңіл шіркін,  
Таусылды ғой, досым-ай, төзім-еркің.  
Жылқы ішінен көрдің де кер бестіні,  
Айырылдың ұйқыңнан бір күн, бір түн.

Қайда қашса құтқармай құрық салдың,  
Ауыздықтап үйретіп, мініп те алдың.  
Сылап-сипап жүрер деп ойлап едім,  
Тайбурылдай сүзілтіп, құйрық жалын.

Кер бестіні мен бүгін танымадым,  
Жығылуға шаққа тұр жануарым.  
Көріп тұрмын құр сүлде, қу көтерем,  
Кеудесінде шықпаған жаны барын.

Қайқаңдайды ер тиіп жауырынан,  
Қайыс тартпа қысады бауырынан.  
Кең қолтығы қабысып тыныс жетпей,  
Құйылады ақ көбік сауырынан.

Бір түйіртпек тығылып алқымыма,  
Ақыл-естен тандырды қалпы мына.  
Тұлпар жүрек әйтеуір, тірі ме деп,  
Қарай бердім көзінің жарқылына.

## ҚОНЫС

Қатар жетіп Көксудан енші бөліп,  
Қонып жатыр екі ауыл көрші келіп.  
Екі арасын ілезде у-шу етті,  
Арпалысқан иттері өршіленіп.

Шыр айналып үйірін торы бесті,  
Саяқтардың тістелеп жонын тесті.  
Жортып барып әлден соң өктемдеген,  
Құла айғырдың көлденең жолын кесті...

Бір қолымен от салып самауырға,  
Көз тігеді бәйбіше сонау қырға.  
Жаңа ғана қозылар жатыр еді,  
Араласып кетпегей ана ауылға.

Ат жетектеп кешкісін суаруға,  
Шопан жігіт жолықты бір аруға.  
Көгершіндей көршінің бойжеткені,  
Иіледі өзеннен су алуға.

Құба тал мен жағаның көк құрағы,  
Қыз бұрылса-ақ тасалап жоқ қылады.  
Су әкеткен сұлуға тіл қата алмай,  
Жанарына жігіттің шоқ тұнады.

Ертесіне екі ауыл қатынасып,  
Ерулікке сыйлайды етін асып.  
Көгершін қыз бұл жаққа таянбайды,  
Шопан жігіт көрінсе бетін басып.

Су басында шығарып тамашаны,  
Әзіл сөзбен жігітке жанасады.  
...Сәл әріде Ақтөске ере келген,  
Еркелейді бұлаңдап ала тазы...

Ақсақалдар сол күзде бауыр жесті,  
-Құда болдық бұйырып тәуір,- десті.  
Екі жастың тойында ат жарысып,  
Құла айғыр мен тең келді торы бесті.

## ШЫМЫР АҚЫН

*Ыбырахым Бекмаханұлына*

Қара өлең қаламынан шұбыратын,  
Өзі де өлеңі де шымыр ақын.  
Жалғасып жырға дастан, жылдар жылға,  
60-қа келіп қапты Ыбырахым.

Ой өріп, өрнек іздеп сағым жылдан,  
Тапқандай бақыты мен бағын жырдан.  
Айғақтап «Шапағатын» қара өлеңнің,  
«Сыр менен Арқа сазы» тамылжыған.

Елітіп ерке сазға гүл майысып,  
Бозторғай шыр айналып, шырлайды ұшып.  
Ару таң жасыра алмай сағынышын,  
Мөлдіреп боз көдені сулайды шық...

Сыланған сұлулыққа құмар әлем,  
Көмейден жыр құйылып, туады өлең.  
Келбетін кең даланың жырлайды ақын,  
Жылытып «Жүрегінің шуағымен».

## ҒАЛЫМНЫҢ ӘНІ

Әнші Ғ.Мұхамединге

Кең жайлау кербез дала ән арқауы,  
Әнменен әлдилеймін Сарыарқаны.  
Қосылып домбырама ән салмасам,  
Кеудемнің басылмайды жанартауы.

Әніммен әлдилейін Сарыарқаны,  
Саумал көл, сылқым бұлақ-ән арқауы.  
Сұлу ән, әсем өлең әуелеген,  
Жігіттің жан сарайын жаңартады.

Әу десем әуелейді әнім деймін,  
Ән салсам кәдімгідей дәуірлеймін.  
Жігіттің базары да ән, ажары да ән,  
Тұрлаусыз өзге тірлік бәрі кейін.

Әнменен әлдилеймін Сарыарқаны,  
Қолаң шаш, ақша маңдай ән арқауы.  
Жарқ етіп бір көз салар екен бе деп,  
Тұсыңа қарай-қарай жанар талды.

Ән салсам өзіме аян іркелмесім,  
Тіріде, шіркін, көмей бүлкілдесін.  
Аралап Сарыарқаны әнім жүрер,  
Жұмылып кетер болса бір күн көзім.

## КӨРІНЕСІҢ ҚАРТ ЕМЕНДЕЙ СЕН МАҒАН

*Еңбек ардагері, Арғанаты, Терсаққан  
өңірінің аяулы ақсақалы,  
Сәтбаев қаласының құрметті азаматы С.Ескеновке*

Тұла бойы-кеңдік пенен кемелдік,  
Мызғымайтын ештеңені елең ғып.  
Сатыпалды ағамызды бұл тағдыр,  
Жаратқандай о басынан емен ғып.

Еңкеймеген салмағына ауырдың,  
Селт етпеген солқылына дауылдың.  
Қасиетін қарттарымның арқалап,  
Келе жатыр көш басында дәуірдің.

Ақылманы ағайынның, ортаның,  
Атырады ақ тілекпен әр таңын.  
Мысты өлкенің қариясы қадірмен,  
Ардақ тұтар ақсақалы Арқаның.

Қуаныштың жанын тербеп ізгі әні,  
Жүрегінен төгілгелі тұр назы.  
85 жас салтанатқа жиылған,  
Ел жұртына Сәкең бүгін разы.

Тектілік пен төзіміңе тәнті әлем,  
Өркен жайып өсе берсін мәртебең.  
Сәке, өзіңе жолыққанда көзіме  
Ғасыр көрген елестейді қарт емен...

## МЕН СЕНІ ДҮЛДҮЛ ДЕРМІН

Кенесжан, мерейтойың сенің бүгін,  
Ақтадың, ағайынның сенімін шын.  
Саяткер құмай қосып, ат баптаған,  
Жігітсің жұртыңа аян серілігің.

Дәл бүгін өрге басып іргелі ісің,  
Шеңбердің шалқыған бір фермерісің.  
Тойыңа дос – жараның келіп отыр,  
Алқалы 60-ыңды көрмек үшін.

Шабытқа шабыт жалғап жетелеген,  
« Оспанды » жыр тербесін мекендеген.  
Жасыңа тағы 60 жас ғұмыр қосып,  
Ақтоқты - бірге жаса Нәкеніңмен.

Мен сені дүлдүл дермін, дара дермін,  
Жұлдызың шоқтай маздап жана бергін.  
Тапталып дұшпандарың тұяғына,  
Бәйге басын бермесін Қаракерің.

## ҰЛТЫМЫЗҒА ҰСТАЗ БОЛАР ТҰЛҒАСЫҢ

*Кенжебай Ахметовке*

Қарымыңды, дарыныңды білемін,  
Қатарыңнан дара туған ұл едің.  
Сан жанрға қалам тартып қапысыз,  
Сан ғылымды саралады жүрегің.

Ойландырды ұлысыңның жайы мың,  
Тәуекелдің таңдап міндің қайығын.  
Ұлылардың ізін жалғап ұрпақпен,  
Биіктеді парасат пен пайымың.

Драма бар, прозаң бар бір сапта,  
Бәрі соның сыры терең пәлсапа.  
Ал аудармаң алдымыздан шығар-ау,  
Шыр айналып Жапондарға барсақ та.

Жырлар мынау жарқыраған жасындай,  
Бір буыны бір-бір інжу тасындай.  
Өрнектейсің Ілияс пен Мағжандай,  
Түйіндейсің түйдек-түйдек Қасымдай.

Тыңдар болса ұрпақ сені тыңдасын,  
Жүрегінде жалын маздап нұр қалсын.  
...Тек жоғарғы оқу орны ғана емес,  
Ұлтымызға ұстаз болар тұлғасың.

## УАҚЫТША ТІРШІЛІК ЖАЙЛЫ

Кезбеген ел қиыры жоқ бармаған,  
Жиһангерге жердің жүзін шарлаған.  
Құла түзде соқа сүйреп жаяулап,  
Жолықты бір егін салған жарлы адам.

Сор қайнаған қу далада пақырды,  
Жиһангерші керуенге шақырды.  
-Ей бейшара, есің болса ер маған  
Ит күніңе түкір де бұл ақырғы.

Назарыма ілігуге жарадың.  
Бұйда ұстарлық көріп тұрмын бар әлің.  
Ішер ас пен киер киім мойнымда,  
Керуенге қосшы қылып аламын.

-Құлдық тақсыр, мырза екенсіз бір керім,  
Шапағаты туған жердің-жүргенім.  
Жалшы боп-ақ өз жұртымда қалайын,  
Уақытша ғой харакетім бұл менің.

Жолың болсын, сен де еліңе қайт аман  
Рахымыңа Алла риза байқаған.  
-деді-дағы сүйрей берді соқасын,  
Басын сұғып қамытына қайтадан.

Беу, құдай-ай, қара басты-ау мынаны,  
Кімге керек мына қиял, мына әні.  
Мына бейбақ уақыттан не күтті екен,  
Жә, бауырым, жөн білмесең жүр әрі...

Жылдар-жылдар жылжиды екен жел кеме,  
Көшер күндер ерте ме, әлде келте ме?  
Талай елді шарлап жүріп жиһанкез,  
Оралыпты тағы да осы өлкеге...

Танымастай өзгеріпті айнала,  
Сылаң қағып, бой көтерген бай қала,  
Сонау жігіт сол шаһардың әкімі,  
Сәлемдесті қолын қысып жай ғана:

-Е, бауырым, бұл ғаламның сырын ұқ,  
Бұл да уақытша біле білсең тіршілік,-  
Деді дағы ілтипатпен қоштасып,  
Жүре берді өз жөніне бұрылып.

Талайларды жер шөктірген желкелеп,  
Тағдыр-ойнар жездең емес еркелеп.  
Алла демеп әкім бопты ал,мынау,  
О, құдірет, енді бұған не керек?

Кірпік ілмей қалың ойда қатпарлы,  
Жиһангерші атқызды әрең ақ таңды,  
Таң намазын қысқа ғана қайырып,  
Елең-алаң ұзақ жолға аттанды.

Сый-сияпат көріп талай жоралғы,  
Жібек шапан, асыл тонға оранды.  
Дүниенің төрт бұрышын аралап,  
Сан жылдан соң тағы қайта оралды.

Таныс шаһар таңғажайып өзгерген,  
Патша бопты баяғы әкім көз көрген.  
Абыройын ардақ тұтып ел-жұрты,  
Айбынына иіледі кез келген.

Абыройды ала алмайсың ақшаға,  
Еңбек жанса, ей,ағайын, бақ сана.  
Жиһангерші сәлем бере бұрылды,  
Кеше жарлы,бүгін үлкен патшаға.

-Ә,құдайым, бергеніңе құлшылық,  
Міне тұрмыс, міне,ғажап тіршілік!  
Бетіндегі бір тамыры бүлк етпей,  
-Бұл да уақытша,-депті патша күрсініп.

-Япыр-ау бұл неткен жұмбақ жан еді,  
Мына шіркін, әлі неден дәмелі?  
Пенделіктің мынау шолақ ғұмырда,  
Шипа болар қандай ғана бар емі?!

Өң мен түстей көзді ашып жұмғанша,  
Өтті жылжып содан бері жыл қанша.  
Дүниенің бар қызығы соныкі,  
Тұнығынан тоят тауып кім қанса.

Көңіл кірі кейін қалып,бар қайғы,  
Бойдан қуат, тойдан думан тарқайды.  
Шартарапты шарлап жүріп жиһанкез,  
Жасы жетіп, ол да ақыры қартайды.

Шашқа ақ кірсе, о да сенің несібен,  
Ілесе бер өмір-өзен көшімен.  
Сонау шаһар, сонау патша бәрібір,  
Шықпай қойды жиһанкездің есінен.

Кең сарайда кесте салған жақұттан,  
Байғұс патша басы айналып бақыттан.  
Күңіреніп: -Бұл да уақытша, -деп еді-ау,  
Тағы нені тіледі екен уақыттан?

Тағы нені байғұс патша тіледі,  
Көкіректен кетпей қойды бір елі.  
Сәті түсіп ақыры бір сапарда,  
Керуенді солай қарай тіреді.

Күмбездерге күмбез қосып күңгірін,  
Сыр еткендей сұлу шаһар бір мұнын.  
Бұл пәниден татар дәмі таусылып,  
Таныс патша қайтыс бопты жыл бұрын.

Қала халқы қара салып басына,  
Қайғырыпты кәрісі де, жасы да.  
«Бұл да уақытша!» деген сөз тұр қарайып,  
Қабіріне қойған құлпы тасында.

«Бұл да уақытша»-жалғыз белгі қалғаны,  
Рас, рас дүниенің жалғаны.  
Зиярат қылып жиһангерші соңғы рет,  
Ертесіне өз сапарын жалғады.

Қадам сайын қиял тербеп әр белес,  
Мазалайды сансыз сауал, сан елес.  
Түнде түстен, күндіз ойдан кетпейтін,  
Мынау патша, сірә, тегін жан емес.

Қасиет қой қанға сіңген бұрыннан,  
Жиһангерші жаңылған жоқ ырымнан.  
Дұға қылып кетпек болып патшаға,  
Қайтар жолда тағы бері бұрылған.

Кербез көктем келбетінен нұр тайып,  
Көрінбейді жапырағын гүл жайып,  
Бұл алқапты тасқын басып телегей,  
Әкетіпті түк қалдырмай су шайып.

Кешегіден бір белгі жоқ, жоқ қала,  
Ей, жиһангер, нең бар енді, тоқтама,  
Үңірейген көк аспанға телміріп,  
Жатыр шалқып бұйра толқын тек қана.

Шалқы теңіз, жылжы жылдар, көш кеме,  
Бұйра толқын, көк айдынды кестеле.  
Патша да жоқ, зират та жоқ, шаһар жоқ.  
Бұрын-соңды болмағандай ештеңе.

Жарық ғалам бір жарық етіп жақұтша,  
Жүйткі берер шежіресін ағытса.  
Өзгермейтін ештеңе жоқ мәңгілік,  
Дүниеде бәрі, бәрі уақытша...

*2-бөлім*  
Поэмалар мен аңыздар



*Аяулы анам Қапиза мен  
әкем Нақыпбектің рухтарына.*

## **ҚАРҒЫ ХИКАЯТЫ**

### **1. ТУҒАН ЖЕР-ТЫНЫСЫМ**

Беу, туған жер, аңсап келдім мен сені,  
Тағзым еттім тауларыңа еңселі.  
Талай заңғар бар да шығар ғаламда,  
Тек-өздерің, бірақ соның өлшемі.

Гүлге қонса қызыл қанат көбелек,  
Малшындырған көк жаңбырың себелеп.  
Қайран дала, тең келер ме көркіңе,  
Иран бағы, аңыз болған керемет!

Қырда шынар тарқатқанда бұрымын,  
Бал қарақат мөлдіреткен шырынын.  
Етектегі айна көлдің қасында,  
Әрі қалсын Қара теңіз, Қырымың.

Көрем десең, кел, ғажабын арала,  
Жерұйық та, пейіш те осы далада.  
Тасбұлақтың кәусарынан бір жұтым,  
Шынымды айтсам, зәмзәм суы садаға.

Өсіп - өнген әулие де, дана да,  
Бар күдірет-осы мына далада.  
Ұлдан ұлға ұлағаты жалғасып,  
Қасиеті мирас болған балаға.

Қара жер бұл қаны тамған бабамның,  
Жасы тамған жылағанда анамның.  
Сенің сүйем пұшпағыңа татыр ма,  
Айдай әлем, мына шексіз ғаламың.

\*\*\*

Осы жерде, сонау жатқан көк белде,  
Көні жібіп, бөктерден қар кеткенде.  
Нұр құйылған көңілден де, көктен де,  
Мен туыппын күн шуақты көктемде.

Көк майсаға кіндік қаным тамыпты,  
Кіндік шешем қалжаға бір жарытты.  
Үйімізге іңірде бір күйші кеп,  
Думан қылып кетті дейді халықты.

Еңбектедім, тәй-тәй бастым талпынып,  
Аласұрдым асық атып, алқынып.  
Мынау қырда бұзау бағып, тай мінгем,  
Көргенім жоқ оттан-судан тартынып.

Мен жүрмеген қалтырыс жоқ бармаған,  
Шалғайын да, шатқалын да шарлағам.  
Бір бұтасын, бір төбесін тап басып,  
Айта алмасам әлі күнге арланам.

Әне сонау, сонау жатқан көк белде,  
Қызғалдақтар көктем лебін өпкенде.  
Ақша бұлттар адырларды аралап,  
Атырапқа бір сіркіреп, өткенде,  
Мен туыппын, әне, сонау көк белде.

Айқара ашып кең әлемге түндігін,  
Жетелейді келешекке нұрлы күн.  
Қай қиырда жүрсем-дағы бәрібір,  
Алтын бесік- туған жерде кіндігім.

## 2.ЗОРКА ЖЫРЫ

Сонадайдан көзге ыстық қарасы,  
Сонау шоқы, сонау қырға қарашы.  
Айналасы тай шаптырым жер ғана,  
Желдіадыр мен Жәнтелінің арасы.

Не бір күндер қиын – қыстау өтті ауыр,  
Бір колхоз боп арғы – бергі екі ауыл.  
Ілік – жекжат, бір-біріне сүйеніш,  
Біте қайнап жатқан ел ғой ішек – бауыр.

Ағасымен еншілері аралас,  
Әкей-сері, жаңа түскен жары-жас.  
Жүреді екен атқа мініп, ит ертіп,  
Думан қуып ала жаздай жаны жаз.

Ал шешемді өлең сөзге көшелі,  
Қыз кезінен ақын екен деседі.  
Жыр қып айтып отыратын сөздерін,  
Көзін көрген қариялар кешегі.

Бастары жас, біздер жоқпыз ол күнде,  
Қаршадай қыз, бір шоқ үкі бөркінде.  
Қос өрімтал өнерімен өзінің,  
Ауыл – үйдің айналыпты көркіне.

Ер жігіттің өнер қонса бағы бар,  
Қайда жүрсе ағайын-дос табылар.  
Қамшы өріп, жүзік соғып, ер қаптап,  
Елі сүйер шеберлігі тағы бар.

Керек емес мансабың да, малың да,  
Екеуі мәз бөліп жеген нанына.  
Қызыл тазы-бар алданыш байлығы,  
Құмай иттің міне дерлік шағында.

Қоян қуса қоса түсер құлашын,  
Жүйрік тазы, бұл да бейне лашын.  
Мойнындағы күміс қарғы-бір қара,  
Қайтып қана көретін көз шыдасын.

Әшекейлі арқар мүйіз, ақ табан,  
Қапсырмасын ақ күмістен қақтаған.  
Сағасына зер жүгіртіп жағалай,  
Шығыршағын сары жезбен қаптаған.

Баспақылдап біреу сырттан абайлар,  
Енді біреу зерін теріп санайды ал.  
Не десе де мына көркем қарғыға,  
Көзін сүзіп жүрсе керек талайлар.

\*\*\*

Әр елдің бір болады екен өсегі,  
Соған куә Зура қыздың кеселі.  
Жүкті болып қалған қыздың оң жақта,  
Соры, сірә, маңдайының бес елі.

- Ойбай, мұның бұл ауылда кімі бар?!  
- Қой ол емес, ең әуелі біліп ал.  
Гүлдесіп жолығысқан, әйтеуір,  
Әйел біткен сөйлеп қалды тілі бар.

Зура сұлу, Ғайса шалдың кенжесі,  
Ару еді ауылда жоқ теңдесі.  
Күзден бері хатшы болып жүретін,  
Қақ төрінде көрші ауылдың кеңсесі.

Қол созым жер арғы-бергі атырап,  
Салт аттыға төтесінен жақын-ақ.  
Қызметтен бір қалмайды Зура қыз,  
Ертелі-кеш екі араға қатынап.

Көзін сүзген келбетіне арай күн,  
Айдай ару арманы еді талайдың.  
Көгершіндей көрікті қыз, бейкүнә,  
Тұнығыңды ылайлады қалай, кім?!

Өсекшілер жағы талмай зарлап жүр,  
Жүз құбылтып сөзге сөзді жалғап жүр.  
Міне осылай өтірік-шын аралас,  
Ауыл ішін қызыл өсек шарлап жүр.

-Ей, абысын, не білесің, кел бері?!  
- Е, мұндар-ай, өзі де бір ерке еді.  
Мен айтайын, ол сорлыны сорлатқан,  
Болып шықты мына ауылдың еркегі.

Е, бүгінде керек пе екен намысың,  
Көрген жан бар бастан-аяқ мәнісін.  
Анау бастық, мынау хатшы, оңаша,  
Екеу-ара хикаяттың бәрі шын.

Қыз жеткенде Жәнтеліден атпенен,  
Бастық шығып қарсы алады баппенен.  
Кешке дейін ай қарай ма кеңседе,  
Түсініп көр миың болса гәппенен.

Бірі даттап, біреу сынап бейбағын,  
Біреу күтіп айт-наурыз мейрамын.  
Жүрген тұста аяқ асты тағы да,  
Бұл ауылда бір іс болды беймәлім.

Шалдары бар, шауқаны бар, бар кіші,  
Бәрінің де бір-ақ шаруа-талқысы.  
Ертеңгілік Зураға ерген Зорканың  
Жоқ боп шықты кешке қарай қарғысы.

Қолды болып мойындағы асылы,  
Құр қыңсылап қайран құмай,пәс үні.  
Көк аттыға тұра шапқан ілесіп,  
Қанша айтқанмен ит емес пе нәсілі?

Өтті-кетті, кімге керек пайымы,  
Хатшы қызға ілескені-айыбы.  
Қай мақтауға сыйса-дағы ғажайып,  
Иттің аты ит емес пе,тәйірі?!

Жер қалмады қарамаған, қарғы жоқ,  
Қас-қағымда, әкеміз жүр қамды боп.  
Әрі-бері ойлағанда қисынын,  
Жәмкен шығады күмәндінің алды боп.

Жәмкен бастық, сол істеді дәл мұны,  
Оның мұндай әсірешіл бар міні.  
Зура қызға еріп келген Зорканың  
Сол алған ғой мойындағы қарғыны?!

Көкіректен қадалғандай мына дақ,  
Әкей бірден жатып қалды тұралап.  
Жүріп тұрған белсендінің дәурені,  
Қалай барсын өз бастығын кінәлап.

Масайрайды мазақ етіп қыс күліп,  
Тісін қайрап, сақылдайды үскірік.  
Келесі кеш бір той болды ауылда,  
Ел дәстүрін жалғастырған ізгілік.

Ұл өсірсең сүндет тойың-бір белес,  
Қалай бармас көршісіне іргелес.  
О, сұмдық –ай, Жәмкен отыр қақ төрде,  
Көз алдында сияқтанып түнгі елес.

Құдандал боп келеді екен бұл үйге,  
Бас салса егер тас көңілі жіби ме?!  
Мақұл ма әлде шегінгені, мұнымен,  
Қалай ғана отырады бір үйде?

Селт етті де келіншегі ым қаққан,  
Сонысымен жүк түсірді бір батпан.  
Құдай өзі сақтады ма тегінде,  
Шаруасынан шалдуардың жын қаққан.

Шай да келді, бұрқыраған дәм келді,  
Дәм жиналып, ақтарылды ән кені.  
Күміс көмей әншілері ауылдың,  
Дарынына тамсандырды Жәмкенді.

Кенеледі ән мен жырға орта топ,  
Сорғалайды бірде сылқым жорға боп.  
Шешемізге кезек тиіп ақыры,  
Шырқатады, Зураға ерген Зорка боп.

Қайдан қалсын жайсаң жырдан көңіл шет,  
Жамал кемпір кемсеңдейді көңілшек.  
Көмейінен маржан сеуіп тұрғандай,  
Үй ішіне жұдырықтай келіншек.

Елес емес, емес ғайып ертегі,  
Сенбесеңіз қайта қарап көр,тегі.  
Жамағатқа жалынышын жайып сап,  
Зорка сорлы зарын-мұңын шертеді:

*Астында боз жорға аты ентелеген,  
Мен Зорка Зураға еріп тентіреген.  
Жеткенше Желдіадырдың бауырына  
Жарысып Зура қызға еркелегем.*

*Не жаздым, айтыңдаршы,құдайыма,  
Зура қыз қарамады құмайына.  
Елеңдеп екі көзі Желдіадыр жақ,  
Кім екен мұң түсірген шырайына?*

*Қалмады Зура қызда тағат құрып,  
Ұшардай қос өкпесін қанат қылып.  
Көргенде ай қабағын төмен түскен,  
Жүрегім шанышады қарап тұрып.*

*Жәудіреп жанарында жас тұр екен,  
Күткені әлде бұдан қашты ма екен?  
Еліктің ерке лағын жаралаған,  
Япыр-ай қандай гана қасқыр екен?!*

*Барғанша Зура қызбен жарысқаным,  
Барған соң Құтжолменен алысқаным.  
Алысып өзім шаршап тұрғанымда,  
Қарғыма Жәмкен келіп жабысқаны.*

*Қарғымды қайта қарап таба алмадым,  
Шарасыз құйрығымды сабаладым.  
Бір елдің ит те болсам сырттаны едім,  
Бас салып басшымызды қаба алмадым.*

*Жәмеке, мәнді-жайды байқадыңыз,  
Жұрт аман, тыныш болсын байтағыңыз.  
Осы елдің басшысы едің жән білетін,  
Қарғымды зар жылатпай қайтарыңыз?!*

Түн түріліп, мезгіл біраз боп қалды,  
Ән де ырғалып баяу ғана тоқталды.  
Артын баққан ысқаяқтар тым-тырыс,  
Ермекбай шал, - Бәсе, солай!, - деп қалды.

Жамал кемпір қояр емес кемсеңдеп,  
- Бұл сұмдықты естігенше өлсем, - деп.  
Әріп әкей жайлап басын көтерді,  
- Мұны шешпей, көтерілмес еңсем,-деп.

Деп жүр едім, жеңілтектің сөзі бір,  
Жәмкен балам, артық айтсам өзің біл.  
Қарап тұрсам төркініне абайлап,  
Мына шаруа шын болды ма өзі бұл?!

Жеңге тығып жұдырығын үш келі,  
Жынды Әмірдің шықыр етті тістері.  
Күреңіткен түрін бағып нойыстың,  
Сес көрсетті той иесі пішпелі.

Қиқу қосар кісі таппай ұранға,  
Тойдың соңы шаққа қалды ылаңға.  
Жәмкен өзі демегенде бірдеңе,  
Не боларын білер еді бір Алла.

- Кешірерсіз, әкей, істің бәрі рас,  
Келген нәрсе қиянатпен-дарымас.  
Зерлі сөзге соның бәрін сыйғызған,  
Ризамын, өзіңе де қарындас!

Бірің-аға, іні дермін біріңді,  
Жол – жоралғы, білесіздер ырымды.  
Қалтасынан ақша алып содан соң,  
Атшысына іргедегі бұрылды.

- Әй, Сансызбай, ұқтың ба істің байыбын?  
Мынау менің ат шапан мен айыбым.  
Таратқан соң, қарғыны әкеп қоржыннан,  
Ел алдында иесіне қайрғын.

Ал енді айтар бір шаруа бар тағы да,  
Соның шешер туды білем шағы да.  
Сенсеңіздер бір қуаныш мен үшін,  
Бұл ғұмырда Зура қыздың бары да.

Қарсы алдыңнан бұлаң етсе жас елік,  
Жібімей ме, жүрек емес, тас та еріп.  
Айтары не өздеріңе бәрі аян,  
Махаббатқа екеуміз де мас едік.

Отбасымда қызым да жүр, ұл да жүр,  
Аналарын алып кетті бір тәңір.  
Жаратқанның қам көңіл боп жүргенде,  
Бізге берген сыйы, шығар, бұл да бір.

Артық айтып қызыл сөзге қызбайын,  
Бұрынғыдан ата дәстүр,із дайын.  
Зура қызды жолын жасап,әлпештеп,  
Берем десең, ей ағайын, біз дайын.

Айтылған соң аталы сөз кесімді,  
Міне, осылай сол оқиға шешілді...  
Қосылған соң Жәмкен менен Зура қыз,  
Болған дейді тағы да үш қыз, бес ұлды.

\*\*\*

Талай тағдыр, алмасып сан қауымың,  
Содан бері соқты қанша дауылың.  
Орны да жоқ шым үйлердің баяғы,  
Болмағандай ешқашанда ауылың.

Жайқалып тұр жалпақ шалғын, көк құрақ,  
Көп киік жүр көк құрақта топ құрап.  
Соның бәрі күні ғана кешегі,  
Әкем басқан, анам басқан топырақ.

## СҰЛТАННЫҢ ШЕШІМІ

*«Қара жерге халық ие»*

*Халық даналығы*

*Қазақтардың көркі-дала, сәні-тау...*

*К.Салықов.*

Ауыл үй, бөрліктіріп ұлан елді,  
Іргеден бір-ақ күнде ылаң ерді.  
...Қалмақтың құтырынған қонтайшысы,  
Сұлтаннан сұратыпты Сылаңкерді.

Сылаңкер қыл құйрықтың сұңқары еді,  
Тайында топты жарған тұлпар еді.  
Додада талай-талай дара келген,  
Жүйрікке бұл да өзінше іңкәр еді.

- Сан көрген сойқанымды ерсін, - депті,  
Соғысар халі қалса келсін, - депті.  
Тыныштық керек болса бұл қазаққа,  
Сыйыма Сылаңкерді берсін, - депті.

Сұлтанның ақыл қосар нөкерлері,  
Қолқасын қонтайшының бекер-деді.  
Келісіп бір ауыздан пәтуаға,  
Халықты қан майданға көтергелі.

- Бес күндік кімге керек бастың қамы,  
Бәрібір қастың аты қас қылады.  
Немене зорлық емей, қорлық емей,  
Аударып атыңды алса астыңдағы.

Бірі-би, бірі-төре, бірі-төкпе,  
Көтерді сұлтан қолын шулы көпке.

- Жә, жетер!

- Азды – көпті даурығысып,  
Бастыңдар у да болса шынды бетке.

Бәрің де жаныма ерген жайсаңым ең,  
Қай жаудан жан сауғалап тайсалып ем?  
Тілегім елге бүгін-тек тыныштық,  
Ұл – қызым аман болсын қайсар кілең.

Өздерің-ақиқаттың куәгері,  
Жасық деп кіналама, сірә, мені.  
Мен айтар шешім біреу: Қонтайшының,  
Жетектет елшісіне Сылаңкерді.

Әуелі көп шуылдақ төзбеді ме,  
Басылды булығысып өз деміне.  
Қайран жоқ басқа қылар, айтты бітті,  
Белгілі Сұлтан сөзі өздеріне.

Ошақтан дұрыс шығып түтіндері,  
Шал – кемпір көңілдерін бүтіндеді.  
Соғыстан ығыр болған кедей-кепшік,  
Жан кірді жанарына күтінгелі.

Осылай тыныш жатқан ұлан елді,  
Қайтадан дүрліктіріп ылаң ерді.  
Бұл жолғы қонтайшының қолқасы сол,  
Сұлтанның жас тоқалы Шынар еді.

Ойпыр-ай, Шынар десе, Шынар еді,  
Жердегі хор қызының сыңары еді.  
Сұлуға сылаң қаққан құралайдай,  
Ежелден қонтайшы да құмар еді.

Шынымен құмар көңіл көншісін бе,  
Жіберді нөкерін де, елшісін де.  
- Шынарды сыйға тартсын қазақ жұрты,  
Хұзырлы қонтайшының еншісіне.

Түнеріп қарашаның қара аспаны,  
Нөсерлеп ағыл-тегіл толастады.  
Жиылған үлкен үйге кеңесшілер,  
Талаурап таң атқанша тараспады.

- Ей мынау бұйымтайдың астары анық,  
Қалмақтың асқаны анық, тасқаны анық.  
Қол салса қойныңдағы қатыныңа,  
Бола ма бұдан өткен масқаралық?

Намыстан түспей тұрмын әзер отқа,  
А, құдай, ар алдында мазалатпа.  
Қазақта еркек кіндік қалған болса,  
Күн туды атқа қонар азаматқа.

Қорлығы тұлпарыңның кешірілді,  
Сонда да шығармадым еш үнімді.  
Айдыннан аққуыңды алғалы тұр,  
Өзің айт, кәне Сұлтан, кесіміңді?!

Ызалы қабыландай қақпандағы,  
Сұлтанның шарт кетуге шақ қалғаны.  
Аптығын әзер басып әлден кейін  
Ызғардай үні естілді ақпандағы.

-Кемеңгер, келешектің жайын аңдар,  
Жансыңдар, айтқанымды пайымдандар.  
Күтуші, қызметші қыздарымен,  
Шынарды жүрер жолға дайындандар!

Мұнымен іштей ешкім келіспеді,  
Япыр-ай-ет жүрегі беріш пе еді?!  
Не керек, жылай жүріп, қимай жүріп,  
Қалмаққа ертіп берді періштені.

Малшынып қара күздің түні шыққа,  
Бейдауа шығармайды мұңын сыртқа.  
Іштегі бітеу жара тырнаса да,  
Әйтеуір ел арасы тыныштықта.

Жаз шыға бөрліктіріп ұлан елді,  
Қайтадан ауыл-үйге ылаң ерді.  
Төгілген қос жанардан нақақ жасқа,  
Қонтайшы бала жастан құмар еді.

- Басында бұл қазақтың санасы жоқ,  
Ел болып есін жияр шамасы жоқ.  
Шұбырған балапандай баласы жоқ,  
Көш түзеп, қатар қосар қарасы жоқ.

Несі көп бұл қазақтың, даласы көп,  
Жан сақтар даласында панасы жоқ.  
Сағымдай сары далада көшіп жүрген,  
О бастан бұл қазақтың санасы жоқ.

Құлазып текке жатқан сары даланы,  
Несіне байлық көріп паңданады.  
Қазақтан бұл да көрген сыйым болсын,  
Берсін де Ақшоқыдан арғы араны!

Жетеді сыбағамнан құр қалғаным,  
Сазайын тартқызамын бұлтарғанның.  
Турасын жеткізіңдер жөн көрмесе,  
Тұрысар жерін айтсын сұлтандарың.

...Қазақтар әрі – бері ақылдасып,  
Жөн десті бір ауыздан мақұлдасып.  
Өзге емес ұлтарактай тақыр үшін,  
Қайтеміз қалмақтармен тақымдасып.

- Қанағат, ризамыз барға мына,  
Тағдырдың тауқыметін салғаны да.  
Қаңсыған қу даланы алса алсын,  
Тар емес тақияға қалғаны да.

Қуырған аптап күннің алауы өтіп,  
Көкжиек перде құрды қарауытып.  
Төңірек телміреді көк аспанға,  
Таңдайға талықсыған дауа күтіп.

Төбеден көшкен бұлттың қосыны өтті,  
Бауырын боз далаға тосып өтті.  
Селдеген көк нөсерді айқұш-ұйқыш,  
Тілімдеп жайдың оты осып өтті.

Сұлтанның шоқ тұтанып жанарына,  
Саңқ етті жиын топқа қарады да:  
- Ал, кәне, күнің туды атқа қонып,  
Қол салар қаруың мен жарағыңа!

Қазақтың ұмытылып бейбақ күні,  
Аспанға желбіреді байрақ туы.  
Не керек көп күшпенен, көп шығынмен,  
Құлапты қоңтайшының жайрап туы.

Оралып аққу мен қаз айдынына,  
Сыңсиды сары жайлау тай-құлынға.  
Қырына киік өріп, елік ойнап,  
Ен дала масайрайды байлығына.

Дәріптеп алты алашқа есімдерін,  
Ел-жұрты әлпештеді есіл ерін.  
Баяғы кеңесші топ Сұлтанға кеп,  
Сұрайды мәнін сонау шешімдердің.

- Е Сұлтан, ақ қараны айырып ең,  
Жеңіс те, қиындық та-қайырымен.  
Бізге жұмбақ бір-екі ісің болды,  
Соларды түсіндірші байыбымен.

Жібердің жүйрігіңді-тұлпарыңды,  
Шынардай сұлуыңды – іңкәріңді.  
Бәрін де қалмаққа өзің байлап бердің,  
Осыны көрмеді ме қу тәңірі?!

Кегінді қайтаруға талпындың ба?!  
Еліңді ойда жоқта таң қылдың да,  
Жер үшін жарты сүйем құлазыған,  
Халықты салып қойдың қан қырғынға.

Жанында жауап күткен бүкіл ұлық,  
Қолында кенже қызы – үкілі үміт.  
Серпіліп сұлтан сөзін түйіндеді,  
Мойнынан жүк түскендей сыпырылып.

- Бәрің де жаныма ерген жайсаңым ең,  
Қай жаудан жан сауғалап тайсалып ем?  
Ел шеті аз да болса тыныш болып,  
Ұл-қызым өссін деп ем қайсар кілең.

Сол үшін құрбан қылдым пырағымды  
Шынардай құдай қосқан сыңарымды.  
Қалжырап қу соғыстан, төзім бітіп,  
Қалмақтар түсінді бір сыңарымды.

Ғаламның қанатсызға жабық кілті,  
Қашаннан халқымыздың анық ғұрпы.  
Меншігім-ат та, ару да жеке менің,  
Ал, жер болса, ежелден халықтікі!

Қазақтың сары даласы ұраны ізгі,  
Тұмардай сақтау парыз-мұрамызды.  
Бабалар сан ғасырлар қорғап келген,  
Осынау шексіз, шетсіз құла түзді.

Ақ нөсер алқаптарды жауар әлі,  
Жыл жылжып, күндер күліп қуанады.  
Туған жер аман болса бұл қазақта,  
Сан сұлу, талай дүлдүл туады әлі.

## **ЕШКІ САТЫП АЛҒАН КЕДЕЙ ЖӘНЕ ДИУАНАҒА АЙНАЛҒАН ДАНЫШПАН ТУРАЛЫ ЕКІ ӘҢГІМЕ**

Кедей сорлы аша тұяқ малы жоқ,  
Қорек етер үйінде үзім наны жоқ,  
Кемпірімен бір ақылға келгенсін,  
Жиып-теріп қалған-құтқан теңгесін,  
Сауып ішсем құтылам деп ажалдан,  
Бір ешкіні сатып алды базардан.

Ешкіні алып мойынынан жетектеп,  
Келе жатқан жол үстінде дедектеп.  
Байғұс шалға жолықты бір жас жігіт,  
Жолақ шекпен белін буған тас қылып.  
Шыт жейдесі кеудесіне жарасқан,  
Үлбіреп тұр тал бойына қарасаң.

Қутың қағып үйірілген асықтай,  
Тіл үйіріп сөйлейді екен асықпай.  
Сәлем-сауқат, әңгіме сөз құрған соң,  
Жай-күй сұрап біразырақ тұрған соң,  
Шыр айналып қарап шығып ешкіні,  
Деді күліп: - Жақсы ит екен кескіні,  
Құлаш кеуде, қарыс азу тегін бе,  
Бөріге де жалғыз барар тегінде?!

Ширатылып шал жігітке қарады,  
Жігітті бір сайқы мазақ санады.  
Шырт түкіріп сөз бастады шегелеп,  
-Әй, шырағым, саған өзі не керек?  
Жас екенсің әлі уыз балапан,  
Үйір болма әңгімеге, балақан.

Қарияны тәлкек қылу жөн емес,  
Мазақ болар ақымағың мен емес.  
Санаңа сап айтқанымды ойларсың,  
Теңің тауып қатарыңмен ойнарсың.

Жігіт бұған бар болғаны күледі,  
Бар сияқты тағы да бір тілегі:  
-Әкетай, ау, ақылыңыз орынды,  
Сонда-дағы қаға көрме қолымды.  
Кәнігі аңшы ем, болсын маған сыйыңыз,  
Итіңізді балаңызға қиыңыз.

Көрер көзге бейбастаққа шыдамай,  
Шал шақшиды көзі ұядан шығардай:  
-Әй шырағым, жайыңа жүр сандалма,  
Әлде саған керегі бір жанжал ма?  
Тыңда, өзінде ми болмаса, естіні,  
Айыра біл, төбет пенен ешкіні!

Бала жігіт езу тартып күледі,  
Әлі де бір бар сияқты тілегі:  
Бүйрек беті қан жүгіріп томпиып,  
Тіл катады қарияға монтиып:  
-Әкетайым, әзіліңіз жарасар  
Ойын сөзге ақымақ жан таласар.  
Ал төбетің аң аулауға икемді,  
Жалынамын, сыйла маған итіңді!  
-Туһ, дауасыз!  
Кет, көзіме көрінбе,  
Деді де шал жүре берді жөніне.  
«Әке-әкелеп», соңына ерген жігіттің,  
-Аулақ жүр!-деп бір-ақ кесті үмітін.

Ашу қысып, жан ұшырып, дедектеп,  
Келе жатыр ешкіні алып жетектеп.  
Ыза болып қорлық көрген қалпына,  
Бұрылып та қарамады артына.  
Аз жүрді ме, көп жүрді ме, ұтымды,  
Обалы не, әлгі қудан құтылды.  
Мына ыстықта пана болар саялы,  
Ақыры бір бәйтерекке таяды.

Көлеңкеде жапырағы жайқалған,  
Терін сүртіп, шекесінен май тамған.  
Мынау халге жеткеніне тым ырза,  
Отыр екен демін алып бір мырза.  
Қол қусырып, сәлем беріп иіліп,  
Ешкіге сәл көзін салды түйіліп.  
Іреңінде көлеңке бар торыққан,  
Ұзақ тұрып, таңдай қағып, болып таң.  
Дариядан қоңыр салқын соққандай,  
Қоңыр үнмен сөз қозғады тоқтамай:  
-Уа, ақсақал мына итіңіз қаппай ма?  
Бос жүргенше үйіңізді бақпай ма?  
Қабаған ит үрмей басар азуын,  
Аулақ қылсын бейнеті мен жазымын.

Кілт бұрылып, кісі кетті жолымен,  
Шал сақалын сипап қалды қолымен.  
Кереметі адам айтса сенгісіз,  
Өң бе, түс пе, бұл не ғажап, белгісіз?  
Ешкіні ит деп оттайды кеп бетімен,  
Тегі осылар алжасқан ба шетінен?

Байғұс кедей ешкісіне қарайды,  
Саусақ салып түбіттерін тарайды.  
Шымшып қана сауды ешкінің желінін,  
Көбік сүтке малып көрді ерінін,  
Мүйізінен ырғап-ырғап байқайды,  
Бақ-бақ етіп ешкі басын шайқайды.  
-Бәрі дұрыс кәдімгі ешкі, дауы жоқ,  
Әлгілердің ақылының сауы жоқ,  
Екеуі де жын жайлаған нақұрыс,  
Қой кетейін, енді мұным не тұрыс.  
Есін жиып ешкіні алып жетектеп,  
Байғұс кедей жолға түсті дедектеп.

Не ғаламат, жетпес қиял-ойыңыз,  
Болады екен, бұл тірлікті қойыңыз.  
Қырсыққанда және біреу жолықты,  
Зәрелі шал тілдесуден қорықты.  
Кекірейген бөріктіні көзге ілмей,  
Естімейтін тас кереңнің өзіндей,  
Сәлем алмай сырт айналып бұрылды,  
Анау да бір пысық екен жырынды,  
Қуып жетіп, әудем жерден оралып,  
Бауырындай құшақтады қол алып.

Анау-мынау әңгімені сеп қылып,  
Жайдақ сөзбен шалдың ішін кептіріп,  
Аз-кем тұрып, енді ешкіні байқады,  
Сөйтті-дағы түрткендей бір шайтаны,

Өңі қашып, діріл қағып қабағы,  
Даусы шықпай,қырылдады тамағы:  
-Ойбай, ата, мына итіңіз құтырған,  
Ертеректеу дұрыс бұдан құтылған.  
Екі көзін көрдіңіз бе қызарған,  
Ұрт тістері ұстарадай ұзарған.  
Ауру жеңсе оянады тажалы,  
Талай жанның жетер бұдан ажалы.  
Кісі жарып қан қылады бұл әлі,  
Құтырмасы бар ауылға жұғады.  
Тағы айтамын, төбетіңіз құтырған,  
Ең дұрысы ертеректеу құтылған!

Адам шошыр бір үрей бар өңінде,  
Бөрік киген жүре берді жөніне.  
Шал бейшара осы жасқа келгелі  
Өзі-өз болып мұндай сұмдық көрмеді.  
-О, жаратқан, мыналар не айтады?  
Мына ешкінің бар шығар бір сайтаны.  
Ешкі емес-ау, болды жанның азабы,  
Әйтпесе,бұл, не құдайдың мазағы?!

Жолыққандар бірін-бірі мақұлдап,  
Ит екенін дәлелдейді тақылдап.  
Дуалы итті ешкі қылып өткізген,  
Барлық сиқыр-алыпсатар тексізден.  
Қара басып қалай ғана ауыстым,  
Бар ақшамды итке төлеп тауыстым,

Мынау рас, төбет болды сабалақ,  
Түні бойы үрсе үрер абалап.  
Шекедегі мүйіз емес құлақ па?  
Құйрығы жоқ,шолақ екен бірақ та.  
Екі көзі қызыл шоқтай жайнайды,  
Кісі жеуден мынау анық таймайды,  
Қасқыр тұмсық қанды ауыз тегін бе,  
Құтырғаны рас болды тегінде.

Шалды, сірә, кім айтады есті деп,  
Құтырған ит алып келген ешкі деп.  
Ауыл-үйге маскара боп жүрмейін,  
Ешкі деген бола жатар бір кейін.  
Кемпірге де айтар жауап дап-дайын,  
Бар ақшаны ұрлаттым деп айтайын.

Кедей сорлы өртенсе де өзегі,  
Шара бар ма,тағдырына төзеді.  
Тозған бөздей жүдеу тартып кескіні,  
Жібін шешіп қоя берді ешкіні.  
Ешкі кетті көгал қуып жайылып,  
Шал сорлыны ақшасынан айырып.

Бірге көрген талай сойқан жорықты,  
Манағы үш қу қыр астында жолықты.  
Желпінеді көңілдері жаз болып,  
Қатырдық деп байғұс шалды мәз болып.  
Бір-біріне дән риза болысты,  
Үшеу ара нән ешкіні бөлісті.

\*\*\*

Міне, осылай әңгіменің тарқауы,  
Алаяқтар қатырып жүр аңқауды.  
Тыңдасаңыз енді бір сыр айтайын,  
Екеуінің ұқсас еді арқауы.

Болыпты бір өнері асқан данышпан,  
Дүниенің бар ғылымын тауысқан.  
Дұшпандары сендіріпті халықты,  
Диуана ол-деп, ақыл-естен ауысқан.

Ал данышпан бұл қырсықты білмейді.  
«Оқы жұртым, өнер ғылым біл» дейді.  
Жиылған жұрт мазақ қылып байғұсты,  
«Кет, есуас, ақымақ»-деп тілдейді.

Халық бұған не айтса да сенбеді,  
Зая кетті бар ғұмыры, еңбегі.  
Сол күйіктен шын алжасып ақыры,  
Бір диуана болып кетті елдегі.

\* \* \*

Елің, жұртың сарқылмайтын ырысың,  
Брысыңның қадірін біл,туысым.  
Арамза мен алаяқтан абай бол,  
Жамағатты зар қақтырған күні үшін.

Жақсыменен, жайсаңменен қос тізе,  
Көшеліге, көргендіге көш түзе.  
Тізгінің, ей ағайын, берік бол,  
Еңіретер ерік тесе ессізге...

# МАЗМҰНЫ

Қанатына ұлардың хат байлаған.....

## *1-бөлім* *Өлеңдер*

Сәтбаев киелі мекенім .....	
Қазына-әр қиыр әр тасы.....	
Жайнай бер мыс ордасы кенші қала .....	
Ең кішкене қазақ .....	
Қаныштың үш арманы .....	
Айту керек айтқаннан соң тек шынын .....	
Тәржіма .....	
Кенесарының соңғы сөзі .....	
Қошқарбайдың асуы .....	
Қазақты бар ғаламға айғақтаған.....	
Ұлытауға барғанда.....	
Өміршінің белгісі.....	
Ақ самал.....	
Бұқар бабаның елге жау шапты деген хабарды естіруі.....	
Мүмкін емес .....	
Күнге керіп кеудесін көк төбелер.....	
Құрбы қуанышы.....	
Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұрпағына айтқан бір сөзі.....	
Тәубе.....	
Ел көрген ғибрат пен ғибадатын.....	
Хамит ақынның қадірі.....	
Ардагер сыры.....	
Шепті бұзған семсерім.....	
Тағзым мен тағылым.....	
Әлдиле жүрегімді, жақұт өлең.....	
Тұтанып тұла бойда сезім деген.....	
Өр даланың өңмендеп өкпегіне.....	
Кербез дала көлбейді көңіл баурап.....	
Туа біткен сый еді.....	
Тойдағы көңіл.....	
Алғысым бар әр күнге.....	
Өткелде.....	
Заңғарға заңғар сыр ашып.....	
Шәмилдің көз жасы.....	
Қара сырнай.....	
Өндерін тыңда Мараттың.....	
Ұлытаудың ұлы едің.....	
Ұлар құс.....	
Ару қыз сырын шерткенде.....	
Күнсұлу.....	
Көздер.....	

Сендегі сезім.....  
Сөндірме сезім жалынын.....  
Арқаның ару көктемі.....  
Күз көңіл.....  
Ақ әжемнің әні.....  
Келінім.....  
Ұлыма.....  
Сағыныш.....  
Сыйластықпен өтіп жатыр әр күнім.....  
Біз екеуміз.....  
Өмір сыйы.....  
Кеншімін.....  
Забойдағы сурет.....  
Портрет алдындағы ой.....  
Қазақмыс.....  
Кенді өлкенің қыраны.....  
Фаризаға.....  
Кеншілер тойы.....  
Сағыныш.....  
Сыр айтамын.....  
Жанпейісов көшесінде той бүгін.....  
Кенді өлкенің жасай бер шежіресін.....  
Ұрпаққа сыр.....  
Батанды бер.....  
Заманбек.....  
Бағы тайса құлайды құлан жардан.....  
Түсе алмаған араша аққа дәйім.....  
Ұлттың ұлы бола алсақ.....  
Ізім бар.....  
Бақыт.....  
Тобылғысай.....  
Қоналқада.....  
Басына қазағымның бақ дарыды.....  
Менің күшім мызғымас бірлігімде.....  
Ақтай бер елуде де ел сенімін.....  
Өрт.....  
Ең үлкен сыйлық.....  
Тәтемізге тілек.....  
Мұзағаң.....  
Беу ағайын ылайым кінә қойма.....  
Жүрегін жарып ұшып жыр самала.....  
Ақын мұражайында.....  
Қарай бердім.....  
Қоныс.....  
Шымыр ақын.....  
Ғалымның әні.....  
Көрінесің қарт емендей сен маған.....  
Мен сені дүлділ дермін.....  
Ұлтымызға ұстаз болар тұлғасың.....  
Уақытша тіршілік жайлы.....

## ***2-бөлім***

### ***Поэмалар мен аңыздар***

Қарғы хикаяты.....	
Сұлтанның шешімі.....	
Ешкі сатып алған кедей және диуанаға айналған данышпан жайлы екі әңгіме.....	

Мұса (Мусен) Тілеуов  
Арқаның ару көктемi

Жыр жинағы

Редакторы- Куат Құрмансейiт

## Мұса (Мусен) ТІЛЕУОВ

**1948** жылы Ұлытау ауданының «Шеңбер» ауылында туған. Орта мектепті ойдағыдай бітіргеннен кейін еңбек жолын ауылда шопан болып бастады. Жезді аудандық « Октябрь туы» газетінде еңбек етті.

**1973** жылдан зейнет демалысына шыққанға дейін «Қазақмыс» корпорациясына қарасты Батыс және Оңтүстік Жезқазған кеніштерінде әртүрлі қызметтер атқарды.

**1989-1990** жылдардағы Б.Бұлқышев атындағы облыстық әдеби байқаудың екі дүркін жеңімпазы.

**1993** жылы «Ұлытау үні» облыстық фестивалі аясында өткен мүшәйраның екінші орын иегері.

**1994** жылы Сәкен Сейфуллиннің 100 жылдық тойына арналған республикалық ақындар мүшәйрасына, **2008** жылы Қазақстан Жазушылар одағы мен «Қазақмыс» компаниясы ұйымдастырған Қарсақбай мыс қорыту зауытының 80 жылдығына арналған әдеби байқауларға қатысып жүлдегер атанды.

Бұған дейін «Үркер», «Думаным ұласып ғасырға» жыр жинақтары жарық көрген. Өлеңдері мен балладалары « **Жез мұхиттың желкені**», «**Мыс сапырған, кен қазған**» және т.б бірнеше топтама жинақтарға енген.

**2006** жылы М.Тілеуовке Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы атағы берілді.